

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҚАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ
ӘЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

Қол жазба құқығында: 82/821



МАГИСТРАТУРА БӨЛІМІ

5A111301–Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті)

мамандығын бітіруші 2-басқыш магистранты

РЕЙМБЕКОВА АЙНҰРДЫҢ

Магистр академик дәрежесін алу үшін жазылған

ДИССЕРТАЦИЯСЫ

**ТАҚЫРЫП: ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ**

МАК да қорғауға рұқсат

Магистратура бөлімі бастығы

_____ А.Ембергенов

Магистрант: Реймбекова А

Ғылыми басшы: _____ ф.ғ.д.(PhD) Т.Торткулбаева

Кафедра меңгерушісі: _____ ф.ғ.д.(PhD) Ы.Қуттымуратова

Кафедра мәжілісінің 2021-жыл «__» - _____ санды

№__ протоколмен қорғауға рұқсат берілді

Нөкіс - 2021

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҶАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ
ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

Факультет: Магистратура бөлімі

Кафедра: «Қазақ тілі және әдебиеті»

Мамандығы: 5A111301 – Ана тілі және әдебиеті(Қазақ тілі және әдебиеті)

Магистрант: Реймбекова А

Ғылыми басшы: Т.Торткулбаева

Оқу жылы: 2020-2021

Магистрлік диссертация аннотациясы

- Магистрлік диссертация тақырыбының негізделуі және өзектілігі
- Зерттеу мақсаты:
- Зерттеу міндеті
- Зерттеудің нысаны мен құралдары:
- Зерттеудің әдіс-тәсілдері:
- Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы:
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы
- Диссертация жұмысының көлемі мен түзілісі:

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д.(PhD) Т.Торткулбаева

Магистрант:

Реймбекова А

INTRODUCTION

Theme: «Poetics of the works of Kazakh poets and poetesses of the Karakalpak region»

The actuality of the research: The life experience of our people accumulated over the centuries, human virtues and spiritual values, the social nature of society, the art of akyn-zhyrau, the concepts of akyn-zhyrau in general are reflected in the language, artistic structures of our nation. The social activity of the works of Kazakh poets created in the Karakalpak region on the basis of accumulation is constantly being formed and developed. Based on this, we include information about the Kazakh poets and poetesses, language differences, poetic features, who created our work in the Republic of Karakalpakstan.

The aim of the research: The main purpose of our master's dissertation is to study the creative biography of Kazakh poets and poetesses in Karakalpakstan, the artistic nature and socio-cultural basis, poetic features and similarities in the poems.

The tasks of the research are: Our main task is to identify, compare, analyze the various linguistic features of the Kazakh poets and poetesses in the Karakalpak region, depending on the centers of creation, regional peculiarities and their formation, influence, development.

The object and subject of the research: The object of research is to study the poetic features of the works of Kazakh poets and poetesses in Karakalpakstan. The research tool is the data obtained from the civil registry office.

The methods of the research: Methods of comparative, descriptive, artistic analysis and comparative research, summarization, analysis in the work. was used.

The novelty of the research:

- As a result of medieval historical and ethnocultural processes, the folklore performance and creativity of the Kazakh people, who settled in the region,

underwent a process of renewal of their genre composition, ideological and artistic features and poetic text under the influence of Karakalpak and Kazakh poets.

Implementation of the research results: It is based on the fact that the epoch of development of the artistic traditions of the Kazakh poets and poetesses, formed as a synthesis of oral epic traditions and individual creativity, as a regional-local literary center coincides with the second half of the XIX century and the first half of the XX century.

It was clarified that the Karakalpak region is the work of Seidali Zhumabekovich and T. Amanzholov in terms of thematic richness and art among the Kazakh poets and poetesses.

The outline of the thesis: The dissertation consists of an introduction, 3 chapters, 6 paragraphs, a concluding section and a list of references.

Supervisor:	(PhD) T. Tortkulbaeva
Magistrant:	Reimbekova A.

КІРІСПЕ

Магистрлік диссертация тақырыбының негізделуі және өзектілігі:

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі, адами ізгіліктері мен рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, ақын-жыраулық өнері, жалпы ақын-жыраулар тіліндегі түсініктері ұлтымыздың қазынасы - оның тілінде, көркемдік құрылымдарында көрініс тауып, сақталып, жинақталған. Жинақталу негізінде Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары шығармаларының әлеуметтік қызметі жүйелі түрде қалыптасып дамиды. Міне осыған негізделе отырып біз жұмысымызды Қарақалпақстан Республикасында жасаушы қазақ ақын-жыраулары, тіл өзгешеліктері, поэтикалық ерекшелігі туралы деректерді қамтиды.

Зерттеу мақсаты: Магистрлік диссертация жұмысымыздың негізгі мақсаты – Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының шығармашылық өмірбаяны, өлең-термелеріндегі көркемдік сипаты мен әлеуметтік-мәдени негіздері, поэтикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын зерттеу.

Зерттеу міндеті: Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыраулардың жасау орталықтарына байланысты қалыптасқан түрлі тілдік өзгешеліктерін анықтау, салыстыру, талдау, аймақтық өзіндік ерекшеліктері мен олардың қалыптасу, ықпал ету, даму салты басты міндетіміз есептеледі.

Зерттеу нысаны мен құралдары: Жұмыстың зерттеу нысаны – Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулар шығармаларындағы поэтикалық ерекшеліктерді зерттеу, үйрену. Зерттеу жұмысының құралы – азаматтық хал актілерін жазу бөлімінен алынған деректер.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: Жұмыста салыстырмалы, сипаттама, көркем анализ және компаративистік зерттеу, түйіндеу, талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы: – орта ғасырлардағы тарихи-этномәдени процесстер нәтижесінде регионалдық аймаққа келіп жайласқан қазақ ұлтына тиісті халқының фольклор орындаушылығы және шығармашылығы өзінің ұлттық дәстүрлерін сақтап қалған жағдайда қарақалпақ және қазақ ақын-жыраулары шығармашылығының ықпалында

өзінің жанрлық құрамы, идеялық-көркем ерекшеліктері және поэтикалық мәтінде жаңалану процесін басынан кешкендігі анықталған;

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы: ауызша эпикалық дәстүр мен жеке шығармашылықтың синтезі болып қалыптасқан қазақ ақын-жыраулары көркем дәстүрлерінің аймақтық-локал әдеби орталық сипатында қарыштап дамыған дәуірі ХІХ ғасырдың екінші жартысы және ХХ ғасыр бірінші жартысына тұспа-тұс келуі негізделген. Қарақалпақ аймағы қазақ ақын-жыраулары ішіндегі шығармасының тақырыптық молдығы, көркемдігі жағынан Сейдәлі Жұмабекұлы мен Т.Аманжолов шығармашылығы екені нақтыларған.

Диссертация жұмысының көлемі мен структурасы: Диссертация жұмысы кіріспе, 3 тарау, 6 параграф, қорытынды бөлім және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе

I ТАРАУ

I.1. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары шығармаларындағы жаңашылдық бірлігі мен көркемдік өзгешелігі

I.2. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары поэзиясының көркемдік ерекшеліктері

II ТАРАУ

II.1. Сейдәлі Жұмабекұлы шығармаларындағы көркемдік дәстүр өрнектер

II.2. Тілеумағамбет Аманжолов шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктер

III ТАРАУ

III.1. Өмір белестері және көркемдік дәстүр

III.2. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары өлеңдерінің ұйқастық құрылысы

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

I ТАРАУ. I.1. ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ БІРЛІГІ МЕН КӨРКЕМДІК ӨЗГЕШЕЛІГІ

Академик С.Қирабаев «Қазақ халқының рухани мұрасы тек біздің Қазақстан жеріндегі ұлт өкілдері еңбектерімен шектелмейді. Тағдырдың талкегімен шет елдерге және бұрынғы КСРО көлеміндегі мемлекеттерге ыдырап кеткен қазақтардың әдебиеті мен мәдениеті де біздің ұлттық байлығымыздың бөлінбес бөлегі. Оларды жинап, зерттеп, қазақ әдебиетінің тарихын жазуға пайдаланбақпыз»¹ деген. Ұлағатты ғалымның қырағы көзі Қазақстаннан тыс аймақтағы қандастарының сөз өнеріне түсіп отыр. Себебі, қазақ бар жерде өнерлі жыр бар. Сол өнерлі жыр дамуында, біздің қазақтың сана-сезіміне ой түрткі болып отырған және кемел тапқан. Сөйтіп, көнеден келе жатқан сөз өнері дәстүрлілікпен әр дәуірдің өзіне сай жаңашылдық диалектикалық байланысында дамып келген.

Академик М.Қ.Қаратаев «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы» еңбегінде: «Дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблема кең мағынасында – философиялық проблема. Себебі бұл дүние жазық барлық даму атаулының тетігі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ. Онсыз өмір жоқ. Неге десеңіз ештеңеден-ештеңе шықпайтыны, яғни «нөлден» ештеңе өнбейтіні, екінші сөзбен айтқанда, жоқтан бар болмайтыны белгілі. Оның үстіне дүниеде не бар, соның бәрі дамып, өзгеріп отырады, жаңғырып, жаңарып отырады»² деп көрсетеді. Демек, өмір қозғалыс үстінде жүре беретін, дами беретін әлем. Өмірдің дамуының заңдылығы да бар. «Ол бұрынғы мен біздің, көне мен жаңаның аралығындағы табиғи жалғастық құбылысының заңдылығы»³ деген жолдары дәстүр мен жаңашылдықтың кезектесуі түрінде болады. Дәстүр мен жаңашылдық кейде бірімен бірі ұласып, кейде

¹ Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы; Білім, 1995. – Б. 17.

² Қаратаев М. Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы. Кітапта; Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: Ғылым, 1980. – Б. 4.

³ Сонда. – Б. 4.

өзгешеленіп дербес көрінеді. Себебі, «Табиғат құбылысы болсын, өзгеріп отыратын қоғам өмірі болсын, адамның, сондай-ақ б:кіл жан-жануардың, өсімдіктің өркендеп өмір сүруі болсын, – бұлар дәстүр мен жаңашылдық құбылыстарының өзара тектес, тамырлас байланысысыз, яғни осы екі ұғымның бірінен екіншісінің туындайтын заңдылығысыз бәрібір жоққа шықпақ екен, былайша айтқанда, тірлік болмас екен»¹. Мұның мұрагерлік мәселесімен байланысы көп. Даму үстіндегі әрбір құбылыс бірінен екіншісіне, одан біріншісіне өтіп қайталанып отырады. Бірақ бұл қайталану бірдей емес. Алғашқысынан соңғысы кемелденеді. Бірақ бастапқысына ұқсайды. Сонымен қатар ұқсап тұрып дербестігі көрінеді. Дәстүр жалғастығы дегеніміз осы. Ұқсас құбылыстан дербестік танылса, сол жерден жаңашылдық та басталады. Жаңашылдық жоқтан емес, бұрын қалыптасқан бар мұрадан жалғастық табады.

«Рухани мәдениет – әрі әлеуметтік, әрі идеологиялық категория. Оны жасаушы адамның талғамы, көзқарасы, арманы, идеясы оны әрқашан жаңартып, жетілдіріп отырады. Ол – тарихи ортаның жемісі. Сонымен бірге белгілі дәрежеде рухани мәдениет – пікірлер мен көзқарастардың таласы, жиынтығы»² үстінде де дәстүр мен жаңашылдықты дамытады.

Сөз өнерінде бұрыннан жасалынған сөз асылын, оның байлығын, әсем үйлесімін жаңа туған д:ние өз бойына жинайды. Сөйтіп, «халықтың ежелден өмір жолын да, тырбанған тіршілігін де, шытырман тағдыр талқысын да тірнектеп жиған рухани қазынасы – арман-мұраты, салт санасы, сенім сезімі, сезігі, түсінік-т:йсігі қазақтың бай фольклоры мен поэзиясының терең мазмұнын қалады»³, әрі даму м:мкіншілігіне ие болады.

Білікті әдебиетші М.Базарбаев «дәстүр мен жаңашылдық деген екеуі екі бөлек дүние емес, қайта өне бойы бірегей байқалатын құбылыс, бірінен-бірі

¹ Қаратаев М. Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы. Кітапта; Дәстүр және жаңашылдық. –Алматы: Ғылым, 1980. – Б. 7.

² Сонда. – Б. 7.

³ Сонда. – Б. 6.

туып өнетін диалектикалық бірлікпен дамиды категория»¹ десе, М.Хасенов «дәуір тынысын, замана сипатын айқын аңғартарлық әдеби мұралар әрқашан халықпен бірге жасасып, біте қайнасаң. Солай бола тұрса да, бір дәуірдің жемісі екінші ұрпаққа жеткенде әр түрлі пікір таластарын тудыратыны бар»² деген. Шындығында қос ғалым пікірі – шынайы пікір. Дәстүр мен жаңашылдық . . . Адамзат ой-пікірінің даму көрінісі. Оның жалғастық жолы. Аристотельдің «Поэтикасы»³ поэзия ғылымы мәнін, оның пайда болуы мен даму жолын теориялық жақтан ұғындырады. Әбу Нәсір Әл-Фараби «Ой көрігінен сомдалып шыққан сөздің шынайысы», «сезімді сиқырлайтын болмыс», «күптарлық ақындық т:йіндеуді»⁴ түсіндіреді. «Ақындық т:йіндеулерде» дәуірмен өзектес өріліп отырылады. Себебі, В.В.Радлов сөзімен айтқанда «қазақтардың басқа тайпаластарынан суырып салып айтуға ұста, тамаша шешендігімен ерекшеленетіндігін»⁵ шығарған шығармалары уақыт пен кеңістік аясында үнемі дамып отырған. Ол ұлы Абай «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын»⁶ – деп айтқанындай, мазмұн мен түр «сылдырап өңкей келісім» де табуы тиісті.

Ш.Уәлиханов «Қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да қатысты көбірек айтылуға»⁷ тиісті болған теориялық пікірді айтқанды.

Ы.Алтынсарин «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркінде»⁸ халықтың тұрмыс-салттық өлең түрлерінің, бет ашардың, ақын, жыршылар айтатын өлең-жырлардың уақытқа сай көрінетін дәстүр сабақтастығын баяндайды. Демек, дәстүр

¹ Базарбаев М. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы. –Алматы: Жазушы, 1973. – Б. 119.

² Хасенов М. Әдебиеттің халықтығы мен дәстүр жалғасы. Кітапта; Дәстүр және жаңашылдық. –Алматы: Ғылым, 1980. – Б. 26.

³ Аристотель. Поэтика. –Ташкент: Ғафур Ғулом номидаги адабиёт ва санъат нашриёти, 1980. – Б. 7-13.

⁴ Әбунәсір Әл-Фараби. %лең өнерінің қағидалары туралы трактат. Кітапта; Сөзстан. Екінші кітап. –Алматы; Жалын, 1980. – Б. 8-10.

⁵ Радлов В.В. Ел қазынасы – ескі сөз. –Алматы; Ғылым, 1994.– Б. 8.

⁶ Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. –Алматы; Жазушы, 1983. – Б. 90.

⁷ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. ғ басылымы. –Алматы: Жазушы, 1985. – Б. 165.

⁸ Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. –Алматы; Жазушы, 1988. – Б. 172-183.

этнографиямен де, салт-дәстүрден туған өлең жырларымен де қиюласып, әсем көрініс табады.

М.О.Әуезов «Дәстүр мен жаңашылдық жайында» атты еңбегінде «Дәстүр – болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсірлерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтардан ұрпақтарға мирас боп келе жатқан қағидаларынан құралады. Дәстүр тұлғасы, тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене болған, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштары мен кәліпті ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінеді»¹ дегенін, қағидалы сөз деп білеміз, танимыз, мойындаймыз.

Ақындар поэзиясы белгілі бір аймақ көлемінде тақырыптық және мазмұн жағынан ауыз әдебиетінде бар, бұрыннан қалыптасқан дәстүр негізінде дамиды, өседі. Сөйтіп, ұлттық әдебиеттің ұлы дәстүрін жалғастырады. Жалпылықтан даралық келбетін кемелдендіріп жетілдіреді. Мәселен, қазақтар өз тарихында талай құқайды көрген. Орыстың отарлау саясатын, «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын, Хиуа, Қоқан хандарының тонаушылығын басынан өткерген. Оларды тақырып қып жырлай отырып, оған субъективтік көзқарасын көрсетіп барды. Ақпан жырау «Қоныстан ел көшкесін», «қалғанын қара шұбартып» деп, туған жердің келеңсіз халін баяндаса, Сейдәлі ақын «бітімдік жоқ, бірлік жоқ, халықтың арасы ашылған»² күйге кездестірген түрікмен шапқыншылығын сипаттаса, ондай тақырыптар Тілеумағамбеттің «Асқар батыр», «Ермағамбет батырдың қиссасы»³ тарихи жырларында, Жақып ақынның «Құлназар» дастанында дәстүрлі жалғасты, бірақ олар дәуірге сай, заманына сай сөйледі. Тың

¹ Әуезов М. Дәстүр мен жаңашылдық жайында. Кітапта; XII томдық шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1969. – Б. 509.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 143.

³ Сонда. – Б. 203-236.

оқиғаны дербес жырлай отырып дәуір жаңалығын жырлап тақырып жағынан жаңашылдық жасады.

Ақын-жыраулардың ақындық, жыраулық, жыршылық, күйшілік, әншілік өнерлері үнемі даму, жаңару, жаңғыру үстінде өсіп, кемелденіп, туған халқын азаматтық әуенге кенелтіп отырды. Сөйтіп өнер иелері дәуір сөзін игеріп, әрі шығарып дәуірден-дәуірге жетеді. Олар өзі жасаған қоғам қызметіне белсенді болып араласады. Оның сөз өнері адамы болып қалады. Өнерімен дәуірі адамы болып, көптің көзіне түседі. Қарасай, Ақпан, Тұрман, Жұмағали, Жақсылық, Сейдәлі, Тілеумағамбет, Жақып, Құдайберген, Қайролла және объектіге тартылғандар туған елінен бөлінгендерге халқының сөзін айтып жыршылық дәстүрін жалғастырды, шығармашылығымен қазақтың өнер дәстүрін түлетті. Дербес сөйлеу машығын пайда етті. Басқаға ұқсамауға тырысты. Адамды жырлап таныту үшін идеялық жағынан, көркемдік ерекшелігі тұрғысынан өзіндік байыптауын шығармалары арқылы көрсетті. Бұл жолда да дәстүрлілікті ілгері созып, жаңашылдық тұғырына жетпек болды.

Ақындар даралығы көркем образдарды қалыптастыруда да көрініп, дербестігін байқатады.

Ақпа, төкпе ақын шығармашылық өнерін биік сатыға көтеріп кемелденуі үшін, ауыз әдебиетінен ілгергі және дәуірлес ақындар шығармашылығын білуі керек, әрі оны игеруін өмір талап та етеді.

Халық ауыз әдебиеті мұрасы мен ақындар шығарған жыр дәстүрлері жаңаша образды ойды жеткізуде қолданылатын теңеу ойды топтап қолдануға мүмкіндік жасайды. Адам өмірін санамалап жырлау, бір жастан жаз жасқа дейінгі аралықты өзіне тән белгісімен сипаттап айту қазақ, қарақалпақ, түркі тілдес халықтарының авторлы және авторсыз поэзиясында бар құбылыс. Мұны Құдайберген де:

Қырыққа келдік қырылдап,	Тал шыбықтай бұралмай,
Сақалды қырдым сырылдап,	Жалтаңдадым артыма,
Беттегі әжім ойда жоқ,	Жиырма бесті қия алмай,

Жасармын деп ұрландым,

Қарағым деп сөйледік,

Бұр ынғыдай жүреалмай,

Қызбен ойнап к:ле алмай¹

деген. «Қырыққа қырылдап жету», «сақалды сырылдап қыру» бұрынғы ақындар жырлаған «40 та» кездеспейтін. «Қырықта құр-құрлаған құр аттайсың» деп ақын айтып, одан соңғы жастарға сырғып өте шығатын еді. Құдайберген қырықты жырлау дәстүрін білгеннен кейін, бұрынғы ізді қолданбай «қырыққа» жаңаша келеді. «Қырық» жастың жан-жүрегіне психологиялық сезіммен кіріп, «қырықты» дербес жырлайды. Ақын образ жасау әдісінде бұрынғы ақындар жырлаған өрнекті қабылдап, дәуір кезеңінен жаңа теңеу, жаңаша образ жасайды. Сол тұста автор да, қаһарман да көрінеді. Образдар дәуірді айту арқылы жаңалық жасайды.

Сонарлы текстерді жаттап айтатын және бірнеше ырғақты, ұйқасты есінде ұстайтын ақын-жыршы ежелден қалыптасқан өнер дәстүрін жалғастырады. Бірақ, бұрынғы дәстүр сүрлемінде қалып қоймайды, ақынды жасаған ортасы, қоғамдық ойы мен санасы оның көзқарасын қалыптастырады.

Ақындық өнерді, жыраулық өнерді таныту, оның иесінің түр-түсін сипаттау қазақ эпостық шығармаларында бар. Тіпті, сөз өнерін шығарушылар образын жазу, сомдап жеткізу эпоспен бірге айтыстарымызда жарасықты жымдасып жатады.

Мұндай деп өнерге баға беру «Сейдәлі мен Алтын айтысында» да бар.

Мен бір жүрген шабылған,

Асылдан шапан жамылған,

Шапсам оздым тобымнан,

Құдайдың берген жел сөзі,

Мерекелі жиында,

Өз жанымнан табылған²

деп, Сейдәлі ақындық өнерін қимыл-қозғалыс үстінде суреттеп, ақындығын образдап дараландыра түседі.

¹ Жұмажанов Қ. Үй архиві материалы, 1969. 4 папка, - Б. 97.

² Айтыс. II том. –Алматы; Жазушы, 1965. – Б. 138.

Асан қайғы «Жақсыларға айтпаған асыл шырын сөз ғаріп», Қазтуған жырау «Сөйлесе қызыл тілдің шешені», Доспанбет жырау «Кет-Бұғадай билерден, кеңес сұрар кін қайда» – деп тіл өнері беделін ардақтаса, Шалкиіз жырау:

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жамандығын жақсылыққа жыр етер,
Бір жаманға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жаман сырың сақтамай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер¹ – ж.т.б.
ақындардың өлең тармақтары олардың өмірінің бір сәтін бейнелеп тұрады.
Мұның сыры неде?

Әрқандай суреткер, ақын белгілі бір дәуірдің адамы. Ол адамдар өнердің өлмейтін күшіне бірдейіне сеніп отырған. Сондықтан ақындық тағдырын сөз өнерінің бағасын келер ұрпаққа өнеге, үлгі, естелік қып қалдыру ниетімен ретті жерінде өзі туралы жыр тармағына түсіруді ұмытпаған. Жыр текстерінің шығарушысы, авторлығын мәлімдеу ниетінде болған. Кісі сыпатында да өзін кейінгі әулетке танытпақ болған. Себебі ақын сөзі, қағарман сөзі – образ жасаудың басты шарты. Қағарман өзінің сөзі арқылы өзінің қандай тұлғалығын танытады. Міне осы қазақ, қарақалпақ әдебиетінде қалыпқа түскен дәстүрлерді қарақалпақ аймағы қазақтарының ақын – жыраулары да игерген. Мәселен, Қосым жырау «Ақынмын деп болар ма?, Көкіректен ашылған, ақылдың көзі болмаса»², Қарасай жырау «ел бұзар сөзге жолама, Нұрабұлла, бауырым»³; Нұрабұлла «Жақсылық жолын тілеген», халқымның сөзі өзімде⁴; Таңжарбай Бәкірұлы «Болсам да малға жарлы, тілге баймын»⁵. Жұмағали ақын:

Әперіндер домбырамды шертейін,
Өртелмеген өзектерді өртейін,

¹ Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, Жазушы, 1989, I. Т. – Б. 25, 28, 33, 39.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 2.

³ Сонда. – Б. 6.

⁴ Сонда. – Б. 7.

⁵ Сонда. – Б. 12.

Достарымның төбесіне бұлт төнсе,
Өлеңменен, сазымменен серпейін¹.

Дәриябай жырау

Атағым Дәриябай жырау халыққа мәлім,
Домбыра ап жыраушылық еткен кәрім,
Той тойлап, елді кезіп жүргенімде,
Сондағы «Бір бәйтерек» салған әнім².

Ақпан жырау «Орыстан халық аманда, ертеңгісін кешкісін, домбыра тартқан жер еді-ау, бозбала басын құралтып, арулар өскен жер еді-ау»³; Тұрман Қожа «Сөйлеймін деп келеді. Тіл менен жақ көмекей»⁴; Ермахан ақын:

Хат жаздым ақ қағазға қалам ала,
Жатқа сал жақсы сөзді ақ тағала,
Толық жаз көрген қызық, сүрген дәуір,
Қысқартып сөз аяғын қылма шала,
Қолға алып көрсін оқып, көп азамат⁵;

Ережеп ақын «Әлеумет жауап берейін, қайырлы қара бұлақтан, жабыла бәрің келің де, ағыстайын құлақтан, мен бір Әмудәрия, ағысқа кетсем шыдатпай, не аяйын жел сөзді, қаумалап шыққан халықтан»⁶; Жалғасбай «Жас басымнан сөз сөйлеп, жұқарып жүр таңдайым»⁷; Жақсылық Мамытұлы «Болады жүрген жерім күнде базар, сау жүрсе бұл Жәкеңнің тілмен жағы-ай»⁸; Жақсылық Төлепов «Осындай насихат сөздерді, Жәкең жыршың толғайды»⁹; Сейдәлі ақын «Мен Сейдәлі ақының, сөйлеп жүрген жасынан, сөйлесе сөзі кем емес, лағылы гауһар тасынан»¹⁰; Тілеумағамбет ақын

¹ Сонда. – Б. 18.

² Сонда. – Б. 24.

³ Сонда. – Б. 26.

⁴ Сонда. – Б. 28.

⁵ Сонда. – Б. 31.

⁶ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 47.

⁷ Сонда. – Б. 56.

⁸ Сонда. – Б. 87.

⁹ Сонда. – Б. 97.

¹⁰ Сонда. – Б. 142.

«ағалар аңсап келгенде, құрбылар құрсап келгенде, барымды базар етейін, жоқты қайдан табайын»¹; Жақып ақын:

Ішінде бөтен елдің отырғасын,
Айтамын өлең қылып мен бишара,
Шұбырды отыз екі жыл біздің қазақ,
Жүре алмай аштан өлді біздің қазақ².

Құдайберген «Қатар-қатар тізіліп, Аққудай ұшқан сәнім-ай, күмістей :ні жарқырап, сұңқылдап салған әнім-ай, ақылменен табылған, терме сөздің дәмін-ай»³. Қайролла ақын:

Үйреніп бұдан қалсам деп,	Таңғалтқан топты жорғалап,
Үйренбелер дағдарды-ай ...	Жүйрікті байрақ сақтағың,
Екпіндесем кетермін,	Сөз базарын қыздыр деп,
Ақ бөкендей ормалап,	Әлеумет келдің қаумалап ⁴

Тұяғы бүтін сүргінмін.

деген. Ақындар халықтың ғасырлар сілемінде жасаған, әрі жинаған, әрі өрнек қып бір ізге түсірген дәстүрді (сөз өнерін таныту, бағалау, насихаттау) өзінше дамытуға талаптанған. Бұрынғы айтылған нұсқаларға ұқсамай айтуды көздеген. Олардан қалай басқаша айтсам деп ойланады. Дәуір мен өмір сүрген ортасына қисындырып сөз табуға бел буады. Көпте болса келтірілген мысалдар пікірімізді растайды. Ақындардың сөйлеуі де басқаша. Өмір сүрген ортасының экономикалық заттарын теңеуге, эпитетке, метафораға теліп жіберіп отырыпты. Дәуірге ұғымды сөздерді қолдану дәстүрді байыту, әрі қисынды сөздермен дәуірді тыныстандыру болып табылады.

Ақын, жыраулар поэзиясының мәнділігі, ақыл-ой парасатының тереңдігі, азаматтық ерлігі, патриоттық рухани күштілігі, асқақ сезімділігі, бәрі бізді

¹ Сонда. – Б. 201.

² Сонда. – Б. 238.

³ Жұмажанов Қ. Үй архиві материалы, 1969. 4 папка, - Б. 186.

⁴ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 214-315.

тәрбиелеуде өнеге үлгі болып, уақыттың жақсы сәулесінде жақсы көрінген. Алда да солай қалатыны аян.

Халық әдебиетінде, ақындар поэзиясында қалыптасқан ұлы дәстүрлері болады. Ол халықтық игілікті жырлауы, игілік жолындағы күресі, адамгершілікті игеруі, инабаттылығы, имандылығы, ізгілігі, өрлігі, ерлігі, бір сөзде тұрақтылығы, досына әділ, дұшпанына қаталдығы, туған жерді жан-тәнімен қорғауы, сүйіспеншілігі, салт-дәстүрлері, еңбеккерлігі ж.т.б. жыр арқылы көрінбек. Әр тақырыптың өмір аренасына алып шығатын идеялары дәстүр арқылы өз қалыбын бұзбайды. Дәуір кезеңіне сәйкес сөйлей береді.

«Сонымен идея – өмірдің анасы, өмірдің негізін құраушы күш, өмірдің мазмұны, өмір-сарқылмас қор, өмір толқыны одан тынбастан к:ш алып шығып жатады»¹ – деген ұлы В.Г.Белинский. Демек, ақын-жыраулар шығармашылығына уақыт пен кеңістік кезіндегі жанды идеялар арқылы қарауда орынды.

Тарауда айтқанымызды жинақтай келгенде, қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары шығармашылығы көркемдік құнымен, мазмұнының сәттілігімен, тәттілігімен, идеясының өтімділігімен көркем сөз өнерімізге қосылары сөзсіз. Оны жоғарыда түйіндеп, дәлелдеп айтқан пікірлерімізден көруге болады.

¹ Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екінші кітап. – Алматы; Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1950.– Б. 116.

1.2. ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақын өзінің тыңдаушысы мен оқушысының баяу ұйқыда жатқан жүрегін, көңілін сергітіп оятуы, түнектен суырып алуы үшін тың ой мен орамды образды сөзді, ойлы шығармашылығында қолдануға тырысады, сол жолда талпынады, тапқырлыққа ізденеді.

Б.Кенжебаев «ақын, жазушы кейіпкерінің, дәуірдің, ортаның күй-қалпын, келбет бейнесін суретін айнытпай, дәл көрсететін сөздерді іздестіріп табады, оларға лайықты, жарасымды сөздерді, солар айтатын, қолданатын сөздерді көп қолданады»¹ – дейді. Дұрыс-ақ. Ақын өзі өскен, жасаған ортаның адамы. Ол сол ортаны жырлайды, оның адамымен бірге жасап, солардың жан-күйіне мұқияттап зер салады. Олардың арман-мүддесін өлеңімен өрнектеп, тыңдаушысының ой сезімін оятып, тебірентіп оған жеткізеді. Сөз де, ой да, психология да, өміртану да ақынның өндірістік жаны.

Қарақалпақ аймағында туылып, сол аймақта тұрған, кейбірі Қазақстан аймағынан келіп, Хорезм ойпатында тұрақтанып қалған жыршылар, ақындар туған елінің үні боп, сөзі боп, тілі боп табылатын шығармашылығында туған халқының ұлттығын сақтап, ұлттық дәстүрін ардақтап, жақсылықты да, жамандықты да, этикалық өнегені тұрақты жырлады. Туындыларын өзге туыс ұлт ақындарының шығармашылығының көркемдігінен солғындатпай әрлендіре дамытты. Қарашаңырақтан тыс аймақта жасаған қазақтардың тарихын жыр бедері арқылы бедерледі. Қарашаңыраққа «аруана тектес ұл боп» қайта оралуды ақылына, жігеріне, жүрегіне құйып өсті.

«Шын мәнісіндегі өнер туындысы кейбір кездейсоқ жарық көріп жүрген әрі-сәрі әлденелер секілді ақыл жетімдігі мен сезім мүгедектігінен емес, адам бойындағы асыл қасиеттер мен сұлу сипаттардан түзілер болар.

¹ Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы; Қазақ ССР-ның Ғылым баспасы, 1973. – Б. 17.

Сонда ғана көркем шығарма қалың көпке белгілі бір халықтың өзіндік өзгеше бітімін, мінезін танытып, оларға өмірдің тың құпиясын ашып бере алады»¹ – дейді, академик З.Қабдолов. Ол жазба әдебиетке қойылатын талап деңгейінде айтса да, ақындық поэзияда да «Әрі-сәрі» сөз өнері шықпауға тиісті. Ақындар мұны терең білген. Атап айтқанда қарақалпақ аймағындағы қазақ жыраулары мен ақындары да өзі жасаған орталық «өмірдің тың құпиясын ашып», көркем өнер туындыларын шығарды. «Киелі сөзді бастайды»². «Жақсы сөзді жадыға ал»³ – деп, ұрпағына мұражат етті. «Алтын алма, алғыс ал, халқыңнан саған асыл сөз»⁴ – деп, туған халқының перзенттерінің ұлағатты өсуіне халқының этикалық өсиетін қалдырды. «Қырдағы саулат күнімді айт»⁵ – деп, қарашаңырақтағы саулатты, сәнді кезіне ұрпағын азаматтық әуенімен тәрбиелеп өсіреді.

Ел қорғаған ерлерді айт,

Ерлердің ерлік жырын айт⁶ – деген. Тарихи өмір шындығынан өрілген өмірлі сөздерді, халқы тағдырынан туындаған ойларды Қазан жырау, Қарасай жырау ХІХ ғасырдың екінші жартысында-ақ айтқанды. Олар «сөйлеп қал, өлмей тұрып, қызыл тілім»⁷, «Маржан тізіп, асыл сөзден өлеңнен»⁸ – деп, өмірден өтті. Тіпті, Жұмағали ақын:

Әперіндер домбырамды шертейін,

Өртелмеген өзектерді өртейін,

Достарымның төбесіне бұлт төнсе,

¹ Бақтыбай ақын. Желқобыз. – Алматы; Жазушы, 1987. – Б. 147.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 4.

³ Сонда. – Б. 5.

⁴ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 6.

⁵ Сонда. – Б. 8.

⁶ Сонда. – Б. 9.

⁷ Сонда. – Б. 12.

⁸ Сатеміров Д.А. Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі.; филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1001. – Б. 17.

Өлеңменен, сазаменен серпейін¹ – дейді. Өлеңнің күдіретті күшін асқақтата түседі. Адам жанының дауалылығын танытады. Себебі, қайрат, өмір, өлең татулық бесігі. Ақын түсінігі жоғарыдағы тармақтарда осылай көрінген. Ал, Ақпан жырау:

Әрбір, әрбір сөзім бар,

Зырқыраған сақпандай,

Сөйлеп кетсе Ақпаның,

Сарадан сөзді тапқандай² – деп, ақындық өнеріне баға беріп, ақындық образдық келбетін айқындайды. Теңеулерді де ақындық бейнесін танытуға сәйкес қолданады. Ол:

Бес қалаға келген соң,

Қызыл шешек қаптады-ай,

Қырмызы қызыл мақпалдай,

Өліп қала жаздадық,

Алланың өзі сақтады-ай³ – деп, кеңістіктегі заман, өмір шындығын бүкпесіз жеткізеді. Тағдыр, өмір, шығарма – бірін-бірі айқындап көмкеріледі.

Әлеумет жауап берейін,

Қайырлы қара бұлақтан,

Жабыла бәрің келіндер,

Ағыстайын құлақтан.

Мен бір Әмүдәрия,

Ағысқа кетсем шыдатпай.

Не аяйын жел сөзді,

Қаумалап шыққан халықтан¹ – деген Ережеп сөзі қарақалпақ аймағынан шыққан қазақ ақындарының көбіне ортақ. Ақындық

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 18.

² Сонда. – Б. 27.

³ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 27.

өнерін дәріптеу, образын таныту, ақындығын көпке үлгі етуі оғаш емес. Ол ақынның өзінен соңғы ізбасарларына өнерін үлгілеуі болмақ.

Ж.Тілепов: «Жалпы ақынның «тыңда халық, әлеумет – көп кісіден анықпын» деп айтқанындай оның қай істе болса да айқын, анықтығымен ерекшеленетіндігі шүбәсіз»² – деген. Ақындардың дербес атымен айтқан ой пікірлері сөз өнерін бағалауымен көрінеді. Сөз өнеріне баға беруі ақындардың сыншылығын танытады. «Әдеби шығарма ең алдымен көркем тілмен жазылып, көркемдік қасиеттерге ие болып, оқырмандарды эстетикалық жағынан тәрбиелеу оның басты мұраттарының бірінен саналса, осы қаншалықты дәрежеде жүзеге асты деген негізгі мәселені тек эстетикалық талдаулар жасау арқылы шешуге болады»³. Д.Ысқақұлы «Жаңа туындының көркемдік дәрежесін ашып көрсету, оның осы саладағы жаңашылдығын, қосқан үлесін анықтау»⁴ оның сөз өнеріне қосқан үлесімен анықталады. Жоғарыда қолданған мысалдар соның айғағы.

К.Әбдешұлы «Көркемдік жоқ жерден шеберлікті іздеу бос әурешілік»⁵ – дейді. Көркемдік пен шеберлік – егіз. Уақыт оқиғасы әркез көркем сөзбен көмкеріліп, заман шындығы болмысымен нақты анықталады.

Ерлерім айқай салғанда,

Батырым байрақ көтеріп,

Омыраулап барғанда,

Германдар қашты сасқаннан⁶ - өлең тармақтары уақыт

бедерін танытады.

«Қандай әдеби шығарма болсын, өзін қоршаған әлеуметтік ортаның жемісі, уақыт пен кеңістіктің көркем көрінісі ақын жүрегінің көрігін де

¹ Сонда. – Б. 47.

² Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы; Білім, 1995, – Б. 142.

³ Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы; Қазақпарат, 2001. – Б. 122.

⁴ Сонда. – Б. 122.

⁵ Әбдешұлы Қ. Жазушы және заман шындығы. – Алматы; Қазақ университеті, 2003. – Б. 34.

⁶ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 48.

қыздырылып, қорытылып шыққан заманның сом бейнесі»¹ – деп айтқан Б.Әбдіғазыұлы пікірі біздің нысанамызға алған ақын-жыршылар шығармашылығына ыңғайлас.

Жалғасбай ақын:

Мен қашанғы жезтаңдай,

Жаралы қудай ыңыранған,

Жарылған мұздай күңіреңген² адамдық тағдырын образды баяндаған. Ақын өзінің тағдырын жырлай отырып өзі тектестер тағдырын өлең тармағына түсірген. «Мен» арқылы «Уақыт пен кеңістіктің көркем көрінісін» ақын «көрігінен» қыздырып «сомдап» туындатқан.

Қарақалпақ аймағында жасаған ақындар поэзиясын, олардың шығармашылығының көркемдігін дәстүрлі даму аясында талдауға болады. Дәстүр мен жаңашылдық уақыт пен кеңістікте қалыптасады. Ақындар поэзиясы тілін мезгіл мен орталық арқылы қарастыру поэтика шындығына келеді. Себебі, поэтика жанрлық сипатты да, дәстүр мен жаңашылдық санатын да, көркем образды да, мазмұн мен түрді де, тақырыпты да, идеяны да, сюжетті де, композицияны да және бейнелеу құралдарын да қамтиды.

«Адам көрген білген нәрсенің, я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады»³. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» толғана түсіп, өнер туындысын тағдырына орайластырып шығарады. Көңіл шақасы объективтік ортадан тарамданып өскен сайын, автордың жан дүниесі құбыла түседі. Айтпақ тақырыбына орай сөз таңдап бастайды. Ол сөздер ойға тәуелді болады. Сөз сараптау, ойды толғау, ақындық өнерінің бастапқы қалыбы. Тақырып арқылы кезең шындығы баяндалып, авторлық айтпақ ойы түйінделеді. Сөйтіп сөз тірі жан боп авторды танытады. Қысқасы сөз ақын мұратының сыртқа шыққан құрылыс материалы болып қалады, табылады.

¹ Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы; Білім, 1995, – Б. 102.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 57.

³ Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы; Жазушы, 1989. – Б. 226.

Қарақалпақ аймағы қазақтары ақындарының поэзиясы тілінде қолданылатын көркемдік сөздеріне тоқталуды жөн деп білеміз. Өйткені, қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтары аралас отырғандығынан ақындар тілінде аралас сөздер кездесіп отырады. Солардың бірі – архаизм сөздерінен көрінеді. Ол қазіргі сөйлеу тілімізде сирек, тіпті қолданылмайтын, бірақ ақын өзі жасаған дәуіріне және көтерген тақырыбына жарамды, өмір-тұрмысына сәйкес келетін сөздер болып табылады.

... Жарасар ерге киген сонда телпек ...

... Бүркенбей қызда болмас жасыл желек ...

... Қайқайып сауған бие қара көнек ...

... Көргенде тәжірибе еткен үкімалар ...

... Ортасы ошал судың төрт қысымға ...¹; Бешпентің жасыл мақпал дөңгеленген, Құдай-ау, айдар малға мәттәл қылдың²; Ақ көйлек ала бешпент қынамалы³; Біз жасаған жерлерде, түрлі пітне тараған, Шашбауын алтын зермен ызып отыр, үстінде сары зерден оқасы бар⁴ – деп, айтылған, асты сызылған сөздер ақындардың жасаған кезінде жиі қолданылғанымен қазіргі кезде ақындық өнерінде қолданудан қалып, архаизмге өтіп отырған. Солардың ішінде «телпек», «жасыл желек», «бешпент», «шашбау», «оқа» атты киім атамалары мағынасы әбден архаизм дәрежесіне жетпеген сөздер деп атауға да болады. Ал, «үкімалар» (даналар), «ошал» (мұхит), «пітне» (жамандық) сөздері толық архаизм деңгейіне жеткен. Бұл архаизмдік сөздер кеңістік пен уақытты танытуы арқылы қадірлі, әрі бағалы.

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 10.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 12, 13..

³ Сонда. – Б. 25.

⁴ Сонда. – Б. 145, 165, 177.

Диалект – «Әдеби тілдің нәр алатын қайнар бұлағы – халық тілі» ...
«Халық тілінде сол жердің өзіне ғана тән, тар аяда қолданылатын, әдеби тілде және басқа говорларда басқа баламасы бар сөздер»¹ болмақ. Мәселен:

Азырақ зерлеп қарасаң,

Танауының шегі бар.

...Шала етіп дәунемені жаба алмаймын,

...Ыршыма саған менің әуесім жоқ². Шебері қызыл тілдің болсамдағы, Құдай-ау айдар малға мәттәл қылдың³ тармақтарындағы «шегі» (тесігі), «шала етіп» (бүтіндеп), «әуесім» (құмарым), «мәттәл» (зар) сөздерінің әдеби баламасы бар. Бұлар Сейдәлі мен Таңжарбай өлендерінде бар.

Қарақалпақ әдеби тілінде қалыптасып, сұрыпталып жетіліскен сөздер қазақ ақындарының сөздерінен де кездестіруге болады. Себебі, олар аралас отырған ұлттарға түсінікті сөздерді сөздік құрамына кіргізуді жатсынбайды.

Аббаз шайыр жолымыз бір інімсің,

Көп қосықтың арасында дүрімсің,

Мен ақиқат қуанамын сен үшін,

Жарыстарда биіктерден көрінсең⁴

тармақтарындағы «шайыр», «қосықтың», «дүрім», «ақиқат» сөздері Жұмағали ақынның сөздік қорында бар. Жұмағали – қазақ, қарақалпақ тілдерін еркін игерген ақын.

Қосым ақын тілінде, оның діни-ағартушылық термелерінде, толғауларында:

Мехирдей мәуіж ұрып дәрия тасқан,

Жаратты жәннәт, дозақ бейсембі күн,

Жәм болды періштелер құлпын ашқан¹

¹ Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы; Қазақ ССР-інің Ғылым баспасы, 1982. – Б. 142.

² Айтыс. II том. – Алматы; Жазушы, 1965. – Б. 139, 141, 143

³ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 13.

⁴ Сонда. – Б. 18.

катарларында «мехирдей», «мәуіж», «жәннәт», «дозақ», «жәм» сөздері қазақ, қарақалпақ ақындары шығармаларында ұлттық тілі айтылуында қолданылады. Мұндай сөздердің әу бастағы ортақтығы түркі тілдестердің туыстығын танытады.

Ақындар тілінде өмірдің даму заңдылығына сәйкес, ғылым мен техниканың дамуына орай, жаңаша ұғым беретін сөздер шығармашылардың сөздік қорына тың мазмұнымен қосылып отырады.

...Онан соң Савноркомнең уәж тігіп,

Қарарға қәулісімен түсінгенбіз ...

...Қызметін Молияның атқарамын,

...Шот қағып есеп қылу біздің кәсіп ...

...Лодырларға тиым болсын, қолхоз, совхоз ағзасы ...

Ауғандай арт жағына басып бежбен² ; «Көз салды Герман тосыннан, әл білмеген әлек қой, тастады бомба тосыннан»³; «Ерлердің ісі артық іс, Асқар таудай нарыннан, машинаның күші артық»⁴; «Шойын жолын түзеткен, елін жаудан күзеткен, үкіметтің өнері», «Түрікмен сұрап тұрғанда, жетіп келді үстіне, қызыл әскер большевик»⁵, ақындарда кездесетін жаңа сөздер дәуір жемісі еді. Дәуірдің характеріне байланысты қолданылған сөздері болатын.

Қ.Жұмалиев «Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады»⁶ – деген. Демек, поэзия сөзінде ұлы ғалым атаған эпитет пен теңеулер мол кездеседі. Себебі бұл екі поэтик тіл ақын

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 2-3.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 38, 40, 44, 45.

³ Сонда. – Б. 48.

⁴ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 115.

⁵ Сонда. – Б. 200, 220.

⁶ Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. –Алматы; Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. II. т. – Б. 194.

ойының көрінісін айқындауға, ойын жеткізіп баяндауға басты таяныш құрал болып табылады.

Эпитеттер ақынның сындық бағамдарын айқындауда сәтті құралы болып табылады. Сонымен бірге түрдегі құбылысты, мінездегі құбылуларды қимылдық қозғалысымен көрсетуі де ұтымды. Мұнан қарақалпақ аймағындағы ақын-жыршылар өнімді пайдаланып отырған.

«Ақ домбыра қолға алып, олай-былай қағайын», «Әлеумет келдің жиылып, ақ орданы құруға», «Әйелдің көркі болмайды-ау, ақ бесігін тербетпей»¹; «Сөйлеп қал өлмей тұрып қызыл тілім»², «Албырап тұла бойым жүре алмаймын, айрылып туған жерден қалғаным ба»³; «Келдің бе, балам, келдің бе, жарқырап жарқын жүрегің»⁴.

Есебін тауып қызыл тіл,

Сөйлейсің сөзді сыңқылдап,

Жабықса көңілім ән салып,

Көтеремін құр-құрлап⁵.

«Ақ мамық үлпілдеген бота көзім»⁶.

Ақындар сөзінен өнер адамының қимылын, әрекетін, сөз өнеріне ықыласын, ана келбетінің бесігімен ардақтылығын, тіл өнерін, туған жерден жыраққа басын қорғап ығысқан тағдырын, сұрапыл соғыс іздерін, көңіл күйлерін баяндаған ой-дүниесін, эстетикалық талғамын, ойды беруін танимыз, эпитет арқылы өмірді өнер көзімен береді.

Қарақалпақ аймағы қазақтарының ақындары поэзиясында теңеулер де молынан кездеседі. Теңеулер тақырыпқа сәйкес халық шығармаларында, ауыз әдебиетінде, ақын-жыршылар поэзиясында кеңінен қолданылады. Оның үстіне, автор-ақын ойын жеткізуде, көңіл күйін танытуда, дәуір шындығын

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 56, 62, 68.

² Сонда. – Б. 12.

³ Сонда. – Б. 24.

⁴ Сонда. – Б. 20.

⁵ Сонда. – Б. 116.

⁶ Сонда. – Б. 138.

ұқтыруда, ақындық келбетін баяндауда халық, ел тағдырын жырлауда теңеулер өлең-жыр жолдарында тартылады. Ақын айтпақ ойын халыққа танымал ой мен сөздерді айшықтауда таза ұғымдармен салыстырып, баламалап, идеяны жеткізуде теңеу жасалады.

...Түрікмен соққан мылтықтың,
Толқыған шойын оғындай ...¹.

...Өзірінше мен жүрмін,
Көшіп қонған керуендей ...².

...Кей жаманға сөз айтсаң,
Зарлайды жұртқа қатындай ...

Кей жақсыға сөз айтсаң,
Кетеді гаухар асылдай ...³.

...Егіндері ырғалып,
Бұқардың гаухар дүріндей⁴ тармақтарында кездесетін

теңеулерден авторлық ойдан шеттейтін теңеу болмайтындығын көреміз. «Жалпы алғанда, метафора – сыртқы, не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін кою»⁵ [339, 213 б.]. Осындай метафоралардан қарақалпақтағы қазақ ақын-жыршылары поэзиясында мол пайдаланған.

...Мен қашанғы бұлбұлың,
Топ ішінде сайраған,
Мен бақшада қызыл гүл,
Халық ішінде сайраған,
...Сен менен шыққан жапырақ⁶

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 50.

² Сонда. – Б. 57.

³ Сонда. – Б. 113, 114.

⁴ Сонда. – Б. 142.

⁵ Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы; Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. II. т. – Б. 213.

⁶ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 112, 118.

Сөйлесе сөзі кем емес,

Лағылы гаухар тасынан ...

...Мен бір алмас бұл күнде,

Қынапта тұрып жасаған,

Кескір алмас кетіліп,

Жез бенен мыс – қоладан ...¹. Ұласып жататын

«поэзиялық образ, ақындық тіл, музыкалық бір-бірімен орайлы жарасым, синтетикалық тұтастық тауып, сыр мен сымбаты үйлесіп»² келетін өлең тармақтарын шығарып, өскен ортасының адамдары тағдырымен өз тағдырын баяндау қарақалпақ аймағы қазақ ақындары шығармашылығында өзекті тақырыптардың ең бастыларының бірі. Бұл тақырып таңдаудан да көрінеді. Атап айтқанда, Қосым жырау «Шәкіртпін деп болар ма?» – деп, шәкіртке талап қоюы, барша күндердің орындайтын қызметіне айқындық баға беруі; Қазан жырау «Киелі сөзді бастайын» деп, сөз өнерін киелі күйінде ұғынуы, Қарасай жыраудың «Достық деген даңғал жол» күйінде тануы, Өтім жыраудың «Арзанды алма берсе, аз бағаға» – деп, дидактикалық ой түйіндеуі, Таңжарбайдың өз есімінен баяндалатын лирикалық ойлары. Жұмағалидың «Ей, Нұртуған, Нұртуған», «Шегарашы», «Достық», «Толғау», «Аббаз ақын мен Асан Бегимовқа хат», «Жұмағали жыраудың Аралға барғанда айтқаны», «Мақаш Балмағамбетов атты күйеу баласының соғыстан Кеңес Одағының батыры атағымен елге оралғанда ақынның айтқаны», «Ақдәрия ауылында топқа түскенде айтқаны», терме, толғау-өлеңдері нақты тақырып төңірегін төркіндеуі, Дәриябайдың туған жерден шеттеп, басқа ортада өмір сүріп жатқан қандастарының ой пікірін элегиялық тұрғыдан сипаттауы, Ақпан жыраудың «Қоныстан ел көшкесін», «Біз барамыз Дарғанға», «Менің атым Ақпанды-ай» толғау-өлеңінде қазақтың туған елінен шеттеуіне орыс қысымының қаттылығын баяндауы, көшпенділердің Хорезмге келген соң шешекке кездесуі, Тұрман ақын «Жаз жайлауым

¹ Сонда. – Б. 142.

² Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы; Ғылым, Ғылыми баспа орталығы. 2001, – Б. 170.

сұрасаң» деп, отырған орынын сипаттауы; Серікбайдың «Серікбай дейді өзімді» өлеңінде көз мүгедектігін баяндауы – ақындар шығармашылығының алуан тақырыпта көрінетіндігін дәлелдейді. Бұл жағдай Ермаханның «Өмірбаян», «Ақ алтын», Ережептің «Әлеумет жауап берейін», «Бәрімізге ой ортақ», «Жалғыз шауып бәйге алмас», «Жамағат жақсы қарындас», Жалғасбайдың «Көрерге көркің болмаса», «Айдын, айдын көлдер бар», «Жақсыдан тиер шарапат», «Кітаби сөз», «Мал менен бастан не қайыр», «Жыршы болғаннан не қайыр», «Бәрі де ақылдыға керек нәрсе», сондай-ақ Жақсылық Мамытұлының термелері мен әндік текстері, Жақсылық Төлеповтың «Жасылықтың белгісі», «Домбыраны қолға алып» шығармашылықтағы ойы мен пікірі жалпы баяндаудан нақтылы тақырыпқа ауысып, тақырыпқа орай елдікті, азаматтықты, бірлікті, татулықты айтып, қара шаңырақ Қазақ жерін аңсау, шет аймақта жасаған кезіміздегі қаяу тартқан көңілімізді қалтқысыз жырлап және туған елге жетуді, оған қосылуды басты идея қып ұстанған, сөйтіп ой дүниесін өрбіткен. Мұндай тақырыптың әр алуандығы монографиялық деңгейде талдауға түскен Сейдәлі, Тілеумағамбет, Жақып, Құдайберген, Қайролла туындыларынан да көрінетіндігін жоғарыда талдаған зерттеуімізде біршама баяндадық. Олардың тақырыптарында ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты, ерлік пен ерлікті, күншілдік пен кеңпейілдікті, мәрттік пен нәмәрттікті, достық пен қастықты, ізгілік пен ізсіздікті этикалық тұрғыдан салыстыра баяндау арқылы бердік. Осы жүйеде қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындарының айтыстары, эпикалық туындылары толғау-термелермен, өлең-жырлармен сабақтастығын танытады. Олар атадан балаға қалыптасып жеткен ұлттық дәстүрлер аясында өркендеп, психологиялық, педагогикалық, этикалық тұрғыдан халқының ұрпағын тәрбиелеуге ұмтылды және олар ақындар шығармаларының өзегінде тұрды, сол жолда олар жарқын шығармаларымен көрініп отырды.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары мен жыраулары өнер туындыларын шығаруымен оны халыққа жырлап таныстыруында

композициялық құрылым мен сюжеттік желіні берік сақтаған. Себебі, «өнер туындысында бүтіндік болуы шарт»¹. Осы жайды ескерген ақындар тақырыбына орай, тыңдаушыларының көңіл күйіне сәйкес экспозициялық баяндауды молынан қолданып отырған. «Бастаймын бісмілла деп әуел бастан»², «Достық деген даңғал жол, тап бола бермес әркімге»³, «Ұлым, қызым домбырамды әперің, жастығымды жоғарырақ көтерің, шалқып жүріп байқамай мыз бәріміз, бұл дүниенің қапелімде өтерін»⁴, «Хат жаздым ақ қағазға қалам ала, жатқа сал жақсы сөзді ақ тағала»⁵, «Және де сөз айтайын, азаматтар тындасын, әр түрлі сөз шығады, табылады шындасам»⁶ тармақтарында хабарлама экспозиция ақындар шығармашылығы да мол. Ал, айтыстар мен эпикалық шығармаларда бұдан өзгешерек болып келеді. Айтыстың келіп шығу себептері экспозициялық мәлімдеуге ие болады. Тілеумағамбеттің эпикалық туындыларында оқиғаның туындауы, келіп шығу себебі («Асау-Барақ») мәліметі берілсе, оның өзге эпикалық шығармаларында кіріспе сөзде, авторлық баяндауда («Асқар батыр») экспозициялық күйде көрінеді. Одан соң автордың жан дүниесінде бұлқып жатқан сезімдік тартыстар, қаһармандық қалыптасу жолдар тартыс, даму, шарықтау мен шешімдер рет-ретімен өрбіп, шығарманы шымырландырады. Тыңдаушыны шығармаға бауырластырады. «Шығармадағы барлық бөлшекті бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана нәрсеге – негізгі идеяға бағындырудан»⁷ келіп шығады. Соның салдарынан шығарманың көркемдігі танылады.

Ал көркемдік даму, көркем шығарманың дәстүрлі дамуын айқындайды. Адамның сана-сезімінің, дүниеге көзқарасының түбегейлі өзгерісінде көрсетеді. Адам көзқарасы – белгілі ортада қалыптасады. Орта ой-пікірді

¹ Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Санат, 2002. – Б. 175.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 2.

³ Сонда. – Б. 6.

⁴ Сонда. – Б. 17.

⁵ Сонда. – Б. 31.

⁶ Сонда. – Б. 44.

⁷ Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Санат, 2002. – Б. 185.

дамытады. Ортаға сәйкес сөзде шындалады. Мұны қарақалпақ аймағы қазақтарының шығармашылығынан толық көруге болады.

Ішінде бөтен елдің отырғасын,

Айтамын өлең қылып мен бишара.

Шұбырды отыз екі біздің қазақ,

Жүре алмай аштан өлді қатын, бала¹ -деген тармақтар

«Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» трагедиясын есіңе түсіреді. Елінен, жерінен ауған қазақтар басында болған трагедиялық тағдырын амалсыз өлең жолдарына түсіріп, дәуір шындығының жаңалығын жазады, айтады. Бұрынғы тарихи дәстүрлі жырмен үндесіп, дәуірін шығармаларымен айқындап, сана-сезімін оқиғаға қатыстырып береді. Ақын сөзі – 1932 жылғы қазақ тағдырына байланысты сипатты сөз.

Көркем шығарманы туғызушы ақындар – халық тағдырының өзекті сөзін айтушылар. Тағдыр арқылы характер көрініс табады. Демек, характер бар жерде адам бар. Туған мекенінен айрылған адам мінезін жырлауда ақын «менін» қосып отырады.

Құрбансыз жеңіс келе ме?

Еңіреп жүріп егіліп,

Көп достарды көмдің бе?

Талай жерде тіріліп,

Талай жерде өлдің бе?

Аруақтар жар болып,

Құлап тұрып өрдің бе?

Сәлем беріп, Мақашым,

Бәйтеректі қозғадың,

Сілкіп-сілкіп шақасын.

Мойынымды менің бұрғыздың,

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 238.

Көптен бері жатырмын,
Тілегін тілеп ұл-қыздың
Төрге төсек салғызып,
Орнымнан мені тұрғыздың,
Домбырамды алғызып,
Бойыма қан жүргіздің¹ - тармақтары ақынның туған

күйеу баласы Мақаш Балмағамбетовтың екінші дүниежүзілік соғыстан Кеңес Одағының батыры болып үйіне келгенде шыққан. Қаһарман характеріне де, автордың өзіне де қатысты сұрақ-жауап күйінде өлең өрнектелген. Мінез арқылы танылады. Қарақалпақ қазақтары ақындарының шығармашылығында екеуі тел жүреді. Себебі, олардың көңілі сыр беріп отырады. Мәселен, Сейдәлі ақынның «Қара аттың жыры» эпикалық туындысында:

... Сен жағалы ел болсаң,
Мен бір жалғыз ер дедім.
Сен өткірдей жез болсаң,
Мен асулы бел дедім.
Атаң мен атам тең дедім,
Мен өзіңнен кем бе едім.
Жоғалған малым сұрамай,

Кететін кісің мен бе едім? ...²-деген өлең қатарлары ақынның өрлік мінезін де, асқақ сезімін де айқындап, танытып тұрыпты.

Академик С.Қирабаевтың «Идеология – адамның сенімі, идеалы, арман мұраты, өмірді сүю, отанына, еліне деген құштарлығы»³ – деген ұлағатты пікіріне жоғарыдағы аталған, дәлелденген өлең жолдары ортақ. Отаншылдық, отан қадірін ардақтап түсіну, көру, отаннан шетке шыққанда Алатаудай айқын көрінеді. Себебі «идеясыз әдебиет те, өнер де болмайды. Әдебиет объектісі – адам үнемі іс үстінде ойлайды, сөйлейді, ой пікірін

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 20-21.

² Сонда. – Б. 169.

³ Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. –Алматы; Білім, 1995. – Б. 5.

айтады»¹. «Адам үнемі» халық тілі, оның лексикалық байлығы арқылы көріктенеді. «Алуан түрлі идиомалық тіркестер, бір қалыпқа түскен дәстүрге айналған формулалар мен нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер»² арқылы жарқырай түседі. Мұндай тілдік жүйелерден қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары, жыршылары тиімді пайдаланып отырған. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қарақалпақтың атақты жырауы Нұрабұлла Қарасайға айтқан бір сөзінде:

Жақсылық жолын тілеген,

Халқымның сөзі өзімде.

Достық жырын айта бер,

Қарасай аға, өзің де.

Тілегің қабыл болсын да,

Ұрпағымменен өзің де³ – деген. Ал, достық тозбайтын

тақырып, формулалық күйге кірген баянды тақырыптың бірі, тіпті бастысы.

Мен сүйемін, азамат ел – халқымды,

Туысқандық, ауыз бірлік салтымды.

Тамырлары тереңдерде жатырған,

Түсінемін достық сенің парқыңды⁴ жолдары көз

тартады.

«Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз»⁵ – дейді Ахмет Байтұрсынов.

ұлы ғалым «бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сөз өнері сол болады»⁶

– деген. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары қазақ сөз өнерін туғызу арқылы қазақтардың «қиялын» өркендетіп, «көңіл күйін» шартарапқа

¹Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы; Білім, 1995. – Б. 7.

² Қазақ фольклористикасының тарихы. (Революцияға дейінгі кезең). – Алматы; Ғылым, 1988. – Б. 170.

³ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 7.

⁴ Сонда. – Б. 17.

⁵ Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы; Жазушы, 1989. – Б. 147.

⁶ Сонда. – Б. 147.

шалқытып тәрбиелеуге баса назар аударған. Олар шығарған жыр мұраларында келер ұрпақты, өз дәуіріндегі азаматты ұлттық дәстүр сабақтастығында тәрбиелеуге ұмтылып тәлім-тәрбиелі, өнеге–үлгілі сөзді жыр жолдарының басты көркемдігі деп білді.

Жүйрік тазы, жүйрік ат,
Ақылды әйел үшеуі.
Баламенен төртеуі,
Қолға түссе жігіттер.
Не қамтама етесің,
Түсе алмаса қолыңа.
Бармағыңды әр жерде,
Тістей бір тістей өтесің¹.
Дүние мынау дөңгелек,
Әркім келер бір кезек.
Дүние өтіп кеткен соң,
Қаласың қолды сермелеп².
Ауылым көшіп барад Ойдалыға,
Алданың кім көнбейді салғанына,
Албырап тұла бойым жүре алмаймын,
Айрылып туған жерден қалғаным ба?³
Халқына басшы болар ақылды адам⁴

Ақындар өмірге, тағдырға, тіршілікке әр қырынан келсе де ақыл-кеңес, насихат, өнеге, үлгі, тіршілік, тағдыр, туған ел мен жерді аңсау идеяларын басты нысанасынан шығармайды. Өмірден өнеге түйіп қорытқанын мақал-мәтел күйінде де баяндай білген.

Жақсы мен жақсы дос болса,

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін.

–Нөкіс, 2006. – Б. 306.

² Сонда. – Б. 13.

³ Сонда. – Б. 24.

⁴ Сонда. – Б. 87.

Жақсыға жаман болар қас¹.
Ақын, әнші күйшіні халық сүйген².
Шыдамды еңбек алғыр ой,
Анық досың біліп қой³.
Атасы алыс болса да,
Жақсы адам жат болмас⁴.
Өзім білем деген өледі,
Көп біледі деген жеңеді.
Аштың ақылы табағында,
Жаяудың ақылы табанында
Уәде-серт⁵.

Қорыта келгенде, академик З.Ахметовтың «Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия»⁶ – деген пікірін жетекшілікке алсақ, қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақын-жыршылары поэзиясы қарақалпақ аймағында жасаған қазақтардың өмірін толғағанын, тағдырын жыр қатарына түсіргенін көреміз. Оларды ерлікке баулыды, елдігімізді сақтауға тәрбиеледі, достығымызды биікке көтерді. Ұлтымыздың өзге туыстар ортасында ұлттық қалыбын сақтап қалуына өлең-жырларымен әсер етті. Қарашаңыраққа қайта оралуға азаматтық үнімен азаматтарға ықпал жасады. Жан-жүрегімен толғаған, толғанған жүрек сөзімен ұлтын көркемдік әлемінде тәрбиеледі. Оларға эстетикалық сезім дарыта білді.

¹ Сонда. – Б. 53.

² Сонда. – Б. 60.

³ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 151.

⁴ Сонда. – Б. 294.

⁵ Сонда. – Б. 357.

⁶ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы; Ана тілі, 1995. – Б. 3.

II ТАРАУ. КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР ӨРНЕКТЕРІ

II.1. СЕЙДӘЛІ ЖҰМАБЕКҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР

XIX ғасырда жыраулық өнердің сипаты өзгеріп, қазақ өлеңі жаңа бағытқа, жаңа сапаға ауысты. Жыраулардың әлеуметтік тұлғасы көмескіленіп, өнер биігіндегі орнын алмастырды. Олардың орнына негізінен ақындар келді. Дегенмен жырау сөзін, өнегесін жалғастырушылар да болмай қалған жоқ.

Ақын шығармашылығының қанаты қатқан мектебі – халықтың жыр-термелері, айтыстары, эпикалық туындылары.

Ақын өлеңдері халықтың өмірін, тыныс-тіршілігін, әр алуан қарым-қатынастарын, заман көріністерін суреттеу барысында халықтық тілді де мейлінше еркін, мол, сәтті қолданғанын білеміз. Сөздің сыртқы сұлулығымен қатар, ішкі иірімі, логикалық құрылымы, тыңдаушының жан дүниесіне, сезіміне әсер ете аларлық қуаты да ақын өлеңдерінің көркемдігін арттыратыны анық.

Қазақ халқының тіл байлығын сергек көңілмен, сезімтал оймен қажетіне керегінше жарата білгенін тілге тиек ете келе, «тілінің байлығы жағынан және оны шебер қолдана білуі жағынан Сейдәлі Жұмабекұлы Қарақалпақ аймағы қазақ ақындары арасында атақты сөз ұсталарының бірі. Сейдәлі тілінің асқан көркемдігі, әр алуан поэтика тілдердің элементтерін (эпитет, теңеу, троп, фигуралардың түрлерін) жеке де, өзара байланысты түрде де өте шеберлікпен қолдана алуында ғана емес, ең алдымен, оның өлеңдерінде кездесетін сөз образдарының өмір шындығына дәл келетіндігімен, сөйлем құрылыстарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігінде.

Халық шығармаларын, жыршылық дәстүрін жалғастырып жырлаған, халық ой көзінен сусындаған ақын өмірде көргенінен, түйгенінен өз туындыларын сабақтастырған. Сондай сабақтасты ойлардың бірі – адам

мінезін баяндау. Сейдәлі адам мінезіне редифтік ұйқас арқылы дәуірлік сипаттама береді. Оның «Белгісі» – өлеңі ақынның жинақталған ойы іспетті. «Әділеттік ар-ұят, адамдықтың белгісі» деп бастап, «тұрпайы мінез тағы жат, надандықтың белгісін мәлімдейді. Мәселен: арамдық, жамандық, сараңдық – надандық жолдасы. Адамдық белгісі «қамқорлы көңіл, шын сөзді, тайғанақ емес бір сөзді, қалыбында тұратын» қасиеттер.

Халық үшін қинап, жан сатып,
Шыбын жанын қаусатып,
Душпанның тисе азары,
Сауытына сыя алмай,
Ары үшін өлер ер кісі.
Көршіге достық ойлаған,
Жасы үлкен көрсе силаған,
Дос тұтынып адамды.
Жамандықтан қорғаған,
Ақылы дана данышпан,
Зор кісінің белгісі¹

екендігі аян. Редифтер қазақтың ауызша поэтикалық шығармашылығында формулалық (біркелкі сөздердің тұрақты қайталануы Қ.Ж.) ұйқаспен байланысты болады. «Ұйқас сөздердің әлденеше рет қайталанып қолданылуы немесе бір сөздің тармақ соңында тұрақты, тиянақты келуі, әдебиет теориясында редиф деп аталады»². Редиф – араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясында мол сақталған ұйқас түрі.

Ауызша дербес поэзияның жазба әдебиеттен бір өзгешелігі редифтің жай қосарлануынан көрінеді. Редиф поэзиялық қатарлардың, шумақтардың соңында я бастапқы сөзінде қайталанып, біркелкі ұйқас шумақтарын құрап, импровизатордың тыңнан өлең шығарып кете беруіне мүмкіндік туғызады,

¹Жұмажанов Қ. Тортулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 152 б

²Словарь литературоведческих терминов. –М., 1974. –509 б.

сондай-ақ, өлең, жыр нұсқасының негізгі тақырыбын белгілейді. Айтылмақ ойдың қорытындысы қызметін қоса атқарады.

Ақын «Белгісінде» әйелдерге сипаттық мінездеме беріп «Жақсы әйелдің белгісі», «Тапшы әйелдің белгісі», «Ақ қатынның белгісі», «Көк қатынның белгісі», «Аңқаулықтың белгісін» баяндап, «қорқаулықтың белгісін» көрсетеді. Мұндай шығарма дидактикалық негізде шығарылып, синонимдік түрлендіруге тұтасымен арналып, адам сипатының жағымды және ұнамсыз жақтарын көрсетіп береді. Адамдағы қандай қасиеттердің артықтығын, қандай мінездердің кемістігін де көрсетіп, үлгі аларлық, кейде бас тартарлық жақтары сөз болады.

Шығармадағы «белгісі» сөзінің формулалық сипаты, осы сөздің лексикалық мағынасымен тікелей байланысты. Ол біріншіден – әрбір синонимдік вариантты тыңғылықты, тиянақты жинақтайды, әрі қорытындылайды. Адам мінез-құлқына мінездеме, сипаттама жасайды. Екіншіден – редиф ұйқас үшін қолданылады. Мәселен: аб, вб, ггб. Үшіншіден – поэзиялық тармақтарда ырғақтың ұйқастық бунақтарын тұрақтылыққа енгізеді. Әсіресе, мұнда үш бунақтық ырғақ ерекше көзге түседі. Мәселен, «Сараңдықтың // белгісі, «ақ қатынның // белгісі» жеті буындық өлеңде ырғақ құрылымы 4 буын + 3 буын болып келеді.

Әділдік пен ар-ұят

Адамдықтың белгісі.

Тұрпайы мінез, тағы жат

Надандықтың белгісі.

Еріне қызмет етпеген,

Қонақ келсе, жек көрген,

Ағайын, тума, жекжатпен,

Қатынасуды көп көрген,

Төркіні келсе, көп берген,

Ақылы кемдеу, томырық

Тапшы әйелдің белгісі.-

немесе,
Майлы балақ, сірке бас,
Шашылып күлі төрінен,
Үй ішінің бәрі нас,
Кесе, шәйнек, датарқан,
Тұтқанының бәрі -лас,
Бала табар, нан жабар,
Тек қатынның белгісі¹.

Демек, «редиф дегеніміз –ұйқастан кейін бір не бірнеше сөздің тұрақты қайталануы»². «Ақындық өнердің жоғарылығын байқататын редифтер»³.

Дара ақындар туындыларында қолданылған «белгісі» сөзінің формулалық түрде келе беруі ырғаққа және ұйқасқа байланысты. Сонымен бірге, ол поэзиялық шығармаларда өлеңнің стилистикалық құрылысына да байланысты болады. Әрине, өлең шумақтарының соңындағы көркем қайталаулар ауызша жеке төкпе ақындық орнын да айқындайды, көзқарасын сездіреді. Шығыс поэзиясындағы ғазел түрінде келетін редифтік ұйқас қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыршылары мұрасынан кездеспеді. Біздің ойымызша импровизаторларға ғазел түріндегі редифті ұйқас тиімді болмаса керек. Олар ойын параллелді жеткізуге ыңғайлы «Болмас», «болар», «не жетім», «артық», «тең», «бар», «не пайда», «қымбат» сөздерді қолдану арқылы редифті ұйқас жасау ақындық поэзияға ыңғайлы сияқты. Өлеңдерін синонимдік тұрғыда түрлендіреді. Не айтпақшы ойы мен пікірін параллелді суреттеп жеткізеді. Әсіресе үгіттік, насихаттық, терме, толғау, тақпақ, арнау сипатын аша түседі және оны әр кез өнер туындысында қолданып отыруға ұмтылады. Мұндай дәстүр қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыршылары шығармашылығында басымырақ. Олар редифтік ұйқас арқылы ойын өсіре

¹Жұмажанов Қ. Тортулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 127-128 бб

²Дүйсенов М., Сейдаханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. –Алматы; Ғылым, 1982,–192 б.

³Өуезов М. Уақыт және әдебиет. (Құрастырған, редакциялық алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев). –Алматы; Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. - 428 б.

жеткізеді немесе нақты күйін соған сиғызады. Мәселен, Сейдәлінің «Тәңірім не жаратты күннен артық» өлеңі ақынның дербес ой жүйесіне құрылып, неден ненің артық-кемдігі салыстырылып беріледі. Сөйтіп, өлеңдегі дәстүрлі құрылым, өлеңді шығару әдісі төмендегіше құрылған:

Тәңірім не жаратты күннен артық,
Қараңғы көрдім күнді көрден артық,
Дүниенің малын жинап алсаңдағы,
Болмайды намысыңнан бәрі артық,
Жай білмес жаман достан душпан артық
Өлгесін ер жігіттен тышқан артық¹ . . .

Ақынның айтпақ ойы, пікірі «артық» сөзінің маңына топтастырылған. Сол сөзді өлеңнің айтпақ идеясын ашу үшін тармақ сайын қайталап отырған. «Тәңірім күннен артық не жаратты» деген сурақ береді. Бірақ оған жауап бермейді. Жауап сурақтан көрініп тұр. Күнге тең келетін зат бар ма? Әрине жоқ. Күн – барлық материктің тутқасы. Оны ақын, әрине білген.

XIX ғасырдағы дарынды, асқақ ақын Махамбеттің «Мұнар күн» үлгісінде жазылған «Бұл кездескен қиын күн» атты өлеңінде де редифтік ұйқас «күн» деген сөзді қолдану арқылы берілген.

Бұл кездескен қиын күн,
Жылауменен кеткен күн.
Алтын қияқ сұңқарды,
Қарға салып алған күн.
Алма мойын бедеуден,
Жарыста жабы озған күн.
Астаубасты қара нар,
Қайғыменен қартайып,
Жүк астында тозған күн.
Ақылды жолдан адасып,

¹Жұмажанов Қ. Тортулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 133 б

Жолды тұман басқан күн.

Алтынды мысқа қосқан күн¹

Дүние малын жинап иемденсең де, ол намыстан артық емес ... Жай білмейтін достан, ақылды душпан артық. Өлгесін ер жігіттен, кіп-кішкентай тышқан артық. Өлеңді оқып, қайран дүние-ай, өмір-ай деп тәубеге келесің, шүкіршілік әлеміне кіріп, етек жеңің мен шылауыңды жинайсың. Демек, редифтік ұйқастар ақындар поэзиясында ойды айқындауды көрсетеді және дәуірлік көзқарасты айқындайтын адам мінезімен сәулелендіреді.

Сейдәлі ақын шығармашылығының тағы бір ерекшелігі, туған жерден тыс аймақта өмір сүрсе де, өлең-жырларында қазақ және қарақалпақ ақын-жыраулары шығармашылығын теңдей өзіне үлгі етіп, екі халық сөз зергерлері туындыларынан тел сусындап, өз шығармаларына арқау етіп, жалғастырып барғандығында. Екі халық сөз үлгілірін тең, ардақ ұтып, өзіне ұстаз санап, шығармашылығының өн бойында сәулелендіре алғандығымен Сейдәлі шығармашылығы қатарынан көш ілгері тұрады.

Ақын өлеңдерінен ата-жұрт, елді аңсау тақырыбыда тыс қалмаған. Азаматтық әуен ақынның туған жер мен елге деген махаббатынан көрінеді. Мұны әсіресе, туған жерден жырақта жүргенде шығарған өлеңдерінен толық байқауға болады. Оның бұл тақырыпта Әжіниязбен, Бердақпен үндестігі көрінеді. Әжіниязда: «Хәр кім өзінің жұртында, дәулетті сұлтанға мегзер»², Бердақта: «Сұлтан болма ғайры елде, шопан бол туған жерінде, шағала құс өз көлінде, шарқылдамай сәні болмас»³. Сейдәліде: «Туған жерге туың тік, ел жиылар қасыңа, ер елінде деген бар, бақыт қонар басыңа, көлінде жекен көгерер, елінде жігіт көгерер»⁴ деп жергілікті ақындар шығармаларымен үндесе отырып, дәстүрлі дидактикалық жыраулық үлгілерді де өлеңдерінде қатар дамытып, жырлаған.

¹Жұмажанов Қ. Тортқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 121 б

²Әжінияз. –Нөкіс; Қарақалпақстан, 1975. -252 б.

³Бердақ. Таңдамалы шығармаларының жыйнағы. –Нөкіс; Қарақалпақстан, 1977. -276 б.

⁴Жұмажанов Қ. Тортқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 155 б

Ақындар туған жерді еркін өсер тұрағың, бақытты өмір сүрер ордаң деп біледі. Туған жердің топырағы да қазынаң. Онда кіндік қаның бар. Әулетті бабаларыңның тәні де туған жерің мен елінде жатыр. Сондықтан туған елдей ел, туған жердей жер болмайды. Ол азаматтың асыл байлығы.

Туған жерге ер құмар. Неге? Себебі «Жат жерде жүріп хан болсаң, қараша шоқыр көзіңді». «Өз елінде кем болсаң, ағайын сөйлер сөзіңді. Көзіңді жат жұрттықтарға шоқытпайын десең, туған жерге, туған елге бар. Себебі сен «Кісі елінде хан болсаң, соң білерсің кемінді»¹. Өте, дәл, нақты тауып айтылған сөз.

Адам бақыты мен еркіндігі елінде. Кісілігің мен сөзің де, әнің де, жырың да туған ел арқылы ғұмырлы. Туған елдей ел, туған жердей жер болмайды, олар азамат беделі, азамат қорғаны.

Сағынған елін аңсайды,
Қоңыр қаз көлін аңсайды,
Сабатта тұрып салқындап,
Жерінде тұлпар жусайды,
Қиядан марал іледі.
Шыңында көрсең сұңқарды².

Адам өмірді аңсаумен, өмірге ынтықтығымен ғұмыр сүреді. Қуатты қажыр-жігерді туған елден, туған жерден алады. Өйткені сен оған өгей емессің. Өзінен шыққан, өзінен туылған өзегісің, өзісің. Анық иесісің. Туған жердің гүлденуі үшін жан-жүрегіңді беруге дайынсың. Ал өз еліне симаған, жат елге қалай жағынар. Жалтақ өмір сүріп, әркімге жетім көзбен қарағанша «Өз елінде еңбек ет, іздесең бақыт табылар» – деген.

Мұндай елшілдікпен туған жерді ұлықтау батырлық жырларында да бар. Мәселен: «Бу хикаят Шора батыр Нәрік уғылының қиссасында»:

Арғымақ үйір сағынар,
Сағынғанда не қылар?

¹Жұмажанов Қ. Тортқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы; Дәстүр, 2017, 156 б

²Сонда 156 б

Тауқубалар жиылсам дер,

Үйірімді көрсем дер.

Туяғын тапыл қағынар,

Ер туғанын сағынар,

Сағынғанда не қылар, ...

... Түймелі күміс жез тоға

Айыл тұрман тағынар¹ және тағы басқа тармақтарында «ұяласым көрсем дер» деген Шора батыр ниеті толық аңғарылады, жырда азаматтық әуенмен беріледі.

Импровизатор жырды шығару кезінде өзінен бұрынғы жыр тармақтарына түсіп, формулалық күйге жеткен тармақтарды өзінше игеріп, оған субъективтік көзқарасын сіңіріп, өлең қатарларын дербес пайдаланып татаусыз жырлай береді. Ондай формулалықты Сейдәлі қолданған. «Ат үйірін аңсаса» атты өлең-термесінде:

Ат үйірін аңсаса,

Артқы аяғын қағынар,

Ер үйірін аңсаса,

Айыл тұрман тағынар.

Жат жердің тузын татпай-ақ,

Есің болса жер танып,

Елінде жүрсең нең кетер² – деген.

Елді аңсаған Шора мен Сейдәлі пікірі тұтасып, ұштасып бірігеді. Екі сөз де бірін-бірі толықтыра түседі. Дегенмен, олар халықтың жүрегінде тұрған сүбелі ой мен пікірді толық қабылдаған. Жырда орағытып айту басым болса, ақын оны нақ жүрегі төрінен тікелеп айтқан. Елшілдік, туған жершілдік идеясын ақын қанымызға тікелей қуып, туған отанымызды ардақтауға тәрбиелейді. Халқымызды сүйетін азаматымызды

¹ Диваев Ә. Тарту. (Құрастырған, алғы сөзін жазған және түсініктемелерін берген филология ғылымдарының кандидаты Флора Оразаева). – Алматы; Ана тілі, 1992, – 76 б.

² Жұмажанов Қ. Тортқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы; Дәстүр, 2017, 155 б

калыптастырады. Мұндай арлы сөздерді айтқан жырдың да, ақынның да ірі табысы деп білеміз.

Ақынның «Болады адам қымбат ілімменен» деген, ғылымға арнаған жалғыз қара өлеңі бар. Адам қадірі, қасиеті ғылыммен, біліммен бағалылығын баяндаған. Бірлік, елдік, татулық, білім арқылы тұрақтанатындығын ақын жақсы түсінеді.

Білімді бірлік жолдан адаспайды
Білімсіз білімдіге жанаспайды,
Білімді ізденіп білген адам,
Себепсіз білмегенге қараспайды¹-дейді.

Ақын өлеңі егде кезінде шығарылған болуы ықтимал. Ғылым үйрену, балаларды оқыту ХХ ғасыр басындағы қазақ ақындарының басты тақырыбы болды. Абай, Ыбырай секілді оқуды жан-жақты талдамағанымен, ағартушылық идеясы шығармашылығынан елеулі дәрежеде орын алады.

Сейдәлі ақынның өмірбаяндық шығармаларында көбірек көңілге уялайтынының бірі – сатиралық өлеңдері. Ақын тұрғыластары ішінде, әсіресе дін адамдарына, олардың кейбірінің устанған жолына сын көзімен қарайды. Өзі де, мектеп молдасы болып бала оқытқан. Жиналған материалдарымызда информаторлар Сейдәліні ақын деумен бірге оны «ахун атам» дейді. Демек, ескіше білімге терең болған. «Ыстықатым тақуалық, несібем бар адалдан» – деген. Себебі «адалдық жолы» бүкіл өмір бағыты болған.

Мектеп молдасы, дін адамдары – бәрі бірдей болмаған. Олардың ішінде дін жолын бет перде қып, өз пайдасын ойлайтындары да кездеседі. Ақын көзі мұны дурыс, сәтті көрген. «Бұл заманның супысы» өлең термесінде: «Молдалардан адалдық кетті», олар «Жерлеген жерде қызынады», «Ертеңгі қылған тәубесі, түске жетпей бузылады» деп өкінеді.

¹Жұмажанов Қ. Тортулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 161 б

Сейдәлі шығармаларында дәуірінің ұстаз ақындары көтерген дәстүрлі тақырыпты жалғастырып кетеді. «Үстіне қарап қондырады, келсе қонақ есікке» деп, Өтеш ақынды толықтыра түседі.

Осы күннің сопысы,
Дүниесі көп, ілімі жоқ,
Пір тутады ауаннан.
Қулдық қылар аллаға,
Жеп шүбәлі тағамнан¹-дейді.

Ақындар шығармашылығында сабақтастық сақталған: Қорыта келгенде Күнхожа-казіретті, Бердақ-ахунды, Өтеш-молданы, Сейдәлі-сопыны сынаған. Дінбасылардың қарапайым халық арасында дінді жалау қып қолына күнәлі билікті, уағызды устанғанын көрсетеді. Олардан имандылыққа қайтуды, дінді халық күткеніндей халде басқаруды өтінеді.

Пақыр, міскін кез келсе,
Бишара деп сыйлаңыз.
Қажет бұйым іс болса,

Қолын қағып тимеңіз² – деп олардан сұранады. Қорғансыз, қолдаусыз пақыр-міскіндерді дін жолы қолдамаса, қуаттамаса, оларды кім мақұлдап, оларға кім сүйеу болады деген адамгершілікті ойын айқын көрсетеді. Ақынның «міскіндерді» аяуы, олардың жоғын жоқтауы, дін иелерін қарапайым халыққа мейірімді, шапағатты болуын үндеуі – имандылық жолы болып табылады.

Ақын өлеңдерінде тұрақты эпитеттермен қатар, өзіне тән сөз бедерлерін (астаубасты қара нар, *кітқұда*, *шарқы пәлек*, *пітне*, *нәубет*, *ауан*, *пақыр*, *нызам*, *мейман*, тон жағадан тозған күн), эпостық-батырлық жырларға тән дәстүрлі теңеу сөздермен бірге теңеу сөздерді қолдануда өзіндік ерекшелігін (*Ақылы кемдеу*, *томырық*, *Ақ жібектей оралып*, *Майлы балақ*, *сірке бас*, *Күлкісі сараң*, *сарабдал*), метафоралар *қынапта тұрып жасыған*,

¹ Жұмажанов Қ. Тортқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы; Дәстүр, 2017, 146 б

² Сонда, 146 б

мен бір алмас бұл күнде), психологиялық параллелизм, қайталау, инверсия, ассонанс, аллитерация т.б. көркемдік-бейнелеу құралдарын зерттеуші-ғалым әдебиеттану мен тіл білімінің ортақ нысаны ретінде жан-жақты саралап, өзара байланыста салмақтап, саралайды.

II.2. ТІЛЕУМАҒАМБЕТ АМАНЖОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазақстаннан тыс аймақта жасаған қазақ ақындары да дәуір жыры мен сөзінен тыс қалған жоқ. Солардың бірі – Тілеумағамбет (Қу молда) Аманжолұлы.

Тілеумағамбет ақынның өлең-термелері әр түрлі тақырыпқа арналған. Бірақ, бір-біріне жақын ой пікірде, идеяда өрбіп отырады. Кеңес кезінің дамытқан саясатынан тыс қала алмайды. Кеңес империясы орнаған орындардың бәрінде жасаған импровизаторлар да, жазба ақындар да – бәрі де дәуірдің бас жаңалығы деп таныған, мойындатылған Қазан төңкерісін, көпшілік партияны, оның көсемін мадақтау сол кездегі суреткерлердің нысанасында тұрды.

«Әмүдәрия бойында» өлең-термесінде халықтар достығын сәтті жырлайды.

Бізде мұндай тарих бар,
Надандықтан безбек бар,
Қарақалпақ, өзбек бар,
Ішкі жақтан қосылған.
Орыс, ноғай, татардан,
Әрбір түрлі халық бар,
Барлық кедей бірігіп,
Жасармыз деген үміт бар¹

Халықтар достығы халықпен бірге жасап келе жатқан тақырып. Достық тақырыбы к:н озған сайын жаңғырып, жаңарып толыға береді.

«Жаралғалы бұл д:ние» «Инкляб құяшы» газетінде басылған. Өлең-терменің бірінші бөлімінде «Бұрын оқымаған сауатсыз халық едік, бай адамның қолында, малын бағып жүр едік» - деп баяндайды. Екінші

¹ Жұмажанов Қ. Торткулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, - Б. 200.

бөлімінде, бай қолынан билік кеткеннен кейін «Азат болып кедейлер, қуанып көңілі шат болды». «Оқып кедей баласы, жазғаны қалам хат болды» - деп, кеңес :кіметімен бірге келген кедей нұрлығын баяндайды. үшінші бөлімде, - «содан біре он жеті жыл өтті, он сегізінші жылға қарады». Сол жылдардан соң биік межеге жеттік деген ойын түйіндейді.

Тілеумағамбет – жыршылық өнерінен, ақындық өнеріне жеткен адам. Халық шығармашылығында қолданылатын әсірелеу (гипербола), литота және оқиғаны баяндау, салыстыру әдісі Тілеумағамбет шығармашылығында сақталған.

Мынау кедей баласы,
«Жет шошқа» – деп ақырып,
Бай адамның қолында,
Тас төбенді жарғанда,
Малды бағып жүр едік,
Бетіне байдың қарамай,
К:нім б:гін шыққансын,
Ауыз ашуға жарамай,
Ақымды бер деп сұраған,

Болатын едік сор маңдай¹ -деген жолдар кедейлер күйін литота күйінде жеткізген. Бірақ, литоталық мәлімдеу өмір шындығымен берілген. Ақын әсірелеулерінде де заман шындығы риясыз емес. Демек, ақын ауыз әдебиеті материалындағы образ жасау әдісінен шеттемей, авторлық поэзиясында метафоралық, теңеулік шалқуларды шығармасына кіргізген. Сөйтіп, Тілеумағамбет өзі жасаған дәуір :ніне өлең-термелері арқылы ақындық :нін қосқан.

Тілеумағамбет қазақтың дәстүрлі поэзиясына өлең-термелерімен :н қосса, айтыстары арқылы оны одан әрі жалғастырады.

¹ Мәмбетназаров Қ. Н. Дәукараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институты. Қолжазба қорына тапсырылған материалы. Р-80, 36798, Б.36

Ақынның екі айтысы бар, бірі - «Тілеумағамбет пен Жақсылықтың жұмбақ айтысы»¹, екіншісі – «Тілеумағамбеттің Адай ақынмен айтысы» Мәмбетназаров Қ. Н. Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институты. Қолжазба қорына тапсырылған материалы.

«Тілеумағамбет пен Жақсылық айтысы» сүре айтысқа жатады. Тілеумағамбет Жақсылыққа жолдаған жұмбағында: «Жұмбақты данаға жіберсең шешеді, наданға жұмбақ жіберсең, оны шеше алмай, әуеніне кетеді», сондықтан «ақыл жастан дегенмен, Сізді сынауға жұмбақ жібердім» дейді.

Үсті қотыр боз бие,
Өзі биік зор бие,
Мәуе жеміс жегені,
Иесі сырттан бағып тұр,
Боз биенің ақ с:ті,
Екі емшектен ағып тұр,
Бір шараға құяды,
Әлі толмай тұрады.
Адамдар қайран қалады,
Бұл сөзімді ақылмен,
Ойлаған адам табады,
Шешіп алып сөзімді,
Айтып жүр деп жазады².

Жақсылық Мамытұлы ұстазы, ақын ағасының жұмбағын шешеді. Ол жұмбақты көп ортасында жыршылық өнерімен жырлауға ыңғайлайды. Жұмбақты әуезділікке түсіреді. Ақынға «Жұмбағың жеңіл екен» деп, сын айтады. Жұмбақтың шешуі: «Орта Азия маңы екен, сол аймақтағы үсті қотыр боз биен, шарықтағы тау шығар, боз көрініп тұрғаны жырасы толған қар

¹ Жұмажанов Қ. Торткулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы; Дәстүр, 2017, - Б. 198-199.

² Жұмажанов Қ. Торткулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы; Дәстүр, 2017, - Б. 198.

шығар. Мәуе-жеміс жегені жете біткен тал шығар. Екі емшегің Әмудария мен Сырдариядан ағып жатқан су шығар» - деп келіп, ретімен:

Бір шараға құйғаны,

Әлі толмай тұрғаны,

Аральскі мор шығар.

Айналайын, молдеке-ау,

Осы айтқаным жөн шығар¹ – дейді. Жұмбақ шешіледі.

Айтыс тартысқа құрылмаған. Ұстаз бен шәкірттің бірін-бірі «Сәлем хат» түрінде ой өрісін байқап көруден әріге жалғасбайды. Дегенмен, ол екі жақты бағалылығымен құнды. Бірінші – кеңістік пен дәуірді жұмбаққа түсіруі – тапқырлықты көрсетеді. Екінші – Тілеумағамбет ақын сал (мүгедек) күйінде жатса да, шығармашылықтан қалмағанын танытады.

«Тілеумағамбеттің Адай ақынмен айтысы» нағашылы-жиеннің тұрпайы сөз қақтығысынан әрі аспайды. Екеуі де бірін-бірі мұқатады, жерлейді, тілдейді. Бірақ, Тілеумағамбет:

Бізден шыққан Жеті рудың,

Біреуі Әбубәкір шайырды,

Сенен шықты Қарасай,

Бізден шықты сөз толғап,

Ізім жырау, Талас-ай,

Екі жүйрік қосылса²– деп, ру жүйріктері туралы мәлімет беруі құптарлық.

Өз репертуарын әрдайым толықтырып отыратын жыршыларымыз төл шығармашылығын дамытуға келгенде репертуарындағы құнарлы, құнды шығармалардан олқы келетін өнер туындысын шығармауға тырысады. Керісінше, Т.Аманжолов сияқты дәуір үніне сәйкес келетін, өзінің дара қабілетін танытатын көркемдігі күшті, мәнді шығармаларды шығарады. Бұлар қазақ фольклорының дамуына үлес қосушылар қатарынан да, авторлы

¹ Сонда. – Б. 199.

² Көшекбаев Н. үш Барак. //Жұлдыз журналы, 1985, Б.40

әдебиет өкілдері қатарынан да өз орнын таба алатын тұлғалар болып табылады.

XIX ғасырда жыраулық өнердің сипаты өзгеріп, қазақ өлеңі жаңа бағытқа, жаңа сапаға ауысты. Жыраулардың әлеуметтік тұлғасы көмескіленіп, өнер биігіндегі орнын алмастырды. Олардың орнына негізінен ақындар келді. Дегенмен жырау сөзін, өнегесін жалғастырушылар да болмай қалған жоқ.

Ақын шығармашылығының қанаты қатқан мектебі – халықтың жыр-термелері, айтыстары, эпикалық туындылары.

Ақын өлеңдері халықтың өмірін, тыныс-тіршілігін, әр алуан қарым-қатынастарын, заман көріністерін суреттеу барысында халықтық тілді де мейлінше еркін, мол, сәтті қолданғанын білеміз. Сөздің сыртқы сұлулығымен қатар, ішкі иірімі, логикалық құрылымы, тыңдаушының жан дүниесіне, сезіміне әсер ете аларлық қуаты да ақын өлеңдерінің көркемдігін арттыратыны анық.

III.1. ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР

Әдеби орталық, дәстүр сөз зергерлерінің белгілі бір ортада шығармашылық дәстүрін қалыптастыруынан, өзінен соңғыға үлгі тастауынан қалыптасып жетіледі. Мәселен «. . . Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы; Семей алқабындағы Абай өнегесінен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі; Арқадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ т.б. арқылы танылатын әншілік салт; Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың барлығы телегей теңізіндей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар ... Мұндай дәстүрлі әдеби орта тек қазақта ғана емес, орыс, қырғыз, өзбек, қарақалпақ т.б. елдерде де болғандығын»¹ әдебиеттану ғылымы зерттеулерінде анықталып отыр. Сонымен бірге, өзі туыс, әдебиеті туыс, халықтар әдеби ортаны жасайды. Олар туған елінің әдеби ортасы мен әдеби дәстүрлеріне иек артып, оған арқа сөйеп, туысқан ұлт әдебиетінің дәстүрін жатсынбай, жақсысын қабылдап, шығармашылығын ілгері жалғастырып дамытады. Міне, сондай әдеби орта, әдеби дәстүрі бар жер - Қарақалпақ аймағы.

Қазақ, қарақалпақ әдебиеті тарихын, фольклорын, тілдік ерекшеліктерін зерттеушілерінің назарына сәтті іліккен Қарақалпақ аймағы қазақтары арасынан шыққан сөз өнері, ақын, жыраулар шығармашылығы – өзіндік әдеби ортасын және көркемдік даму дәстүрін көрсететін ірі-ірі белгілерге ие;

- Қарақалпақ жеріндегі қазақтар туған халқының ұрпағымен тел өрбіп, өсіп, ұланғайыр жылдарды артқа тастап келе жатқан сан ғасырлық әдебиетін туған халқының ардақты қазынасы, деп біледі. Оны мерейі мен беделіндей,

¹Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. –Алматы; Ғылым, 1974, –249 б.

ары мен намысындай, алтын қазынасындай, бойда ойнаған қанындай, арманы мен тілегіндей сақтады. Келешекке қол созған үмітті ұрпағындай аялады, кемелдендірді, сақтауға тырысты;

- аралас отырған қарақалпақ, өзбек пен түрікмендердің ақындық, жыраулық, жыршылық, бақсышылық, қиссахандық дәстүрлерін жатсынған жоқ. Олардың жақсы, сәтті шығармаларын репертуарына енгізді. Өнерлі, өнегелі туындыларынан өрнекті пайдаланды;

– қыз ұзату, келін түсіру, сәдет тойларына той иесі өзбек, қазақ, қарақалпақ, түрікмендерді бөліп қарамай, өздерімен бірге шақырды. Азаматтары бәйге аттарын жарысқа бірге қосып, балуандарын ауылдас болып күрес алаңына шығарды. Бірінің намысын екіншісі жоқтады. Әр ұлттан шыққан жырауларын, бақсыларын, қиссахандарын, жыршыларын бірге тыңдады. Достығын арындай сақтап отыр;

– Әмудің құяр сағасын мекендеген төрт халық үлкен тойларында сөз өнерін шығарушы, сақтаушы, жырлап орындаушы жыршы-жырауларының шеберлігін байқау, репертуарының молдығын айқындау ниеттерінде әр ұлттан, кей де бір ұлттың өзінен де шыққан сөз шеберлерін ізбе-ізінше халық алдына, жиын ортасына шығарып, бірінен соң бірін тыңдаған. Кейде әр жерге, я үйге, я үлкен алаңға от жақтырып, я үй тіктіріп, сол орында өнерпаздарды жырлатқан. Орындау шеберлігі басым, репертуары молдары таң атқанша жырлап, тыңдаушы қауымды өзіне тартуға талантын көп жұмсаған. Қай жырау, қай ақын-жыршы, я бақсы төңірегіне тыңдаушы қауымды көп жинаса, сол жеңімпаз атанып, сол тойдың бас жүлдесі соған берілетін болған. Мұндай қағида ақын-жырау, бақсылардың жүлделі орынға жетуі үшін репертуарын, шығармашылығын тоқтаусыз кемелдендіріп, байытып баруына негіз жасаған;

– той мереке иесі тойына шақырылған қонақтардың сұраныстары бойынша атақты ақын, жыршы, айтқыш, шебер бақсыларды көп қауымға алдырып берген. Бұл да жыршылық, орындаушылық өнерінде шеберленуіне жол ашқан. Мұндай сұраныс пен талап қою өзге ұлт өнерпаздарымен бірге

қазақ сөз өнері иелерінің тыңнан шығарма шығаруына, бұрынғы бар шығармалардың ғұмырлы өмір сүріп, сақталуына жол салды;

– Хорезм ойпаты мен Бұхара өңіріндегі өз дәуірінің атақты кісілері жыраулық өнерді қадір тұтты. Оларды әр кез тыңдап келді. Сондықтан, осы өңірде жыраулық өнердің ұстаздық-шәкірттік жолдары қалыптасты. Ол эпикалық жырлардың тың варианты мен жаңа шығармалардың пайда болып, ілгері дамуына игі әсер етті. Сол дәстүр осы күнге дейін бұзылмай, «Эпикалық аудан» болып, жарастықты жалғастығын тапты;

– Маңғыстау, Ақтөбе, Сыр бойына жыраулық даңқы шығып, аты мен атағы қазақ еліне мәлім болған жыраулар, ақындар Хорезм ойпатында өмір сүріп жатқан қандастары ауылына түсіп, өнерін көрсетті, сол арқылы өзге ұлттармен араласқан, олармен достасқан, шығармашылық байланыс жасаған. Нұрым, Қашаған, Аралбай, Ерімбет, Базар, Омар, Мұрын Хорезмдік, Бұқаралық жыраулар мектептерінен үлгі алып, елге танылған.

Хорезм жұрты хабарлы,
Шорахан, Төртк:л, Шымбайды,
Киіз үйлі қазақтың,
Есіткен жері сөзімді,

Аяқ асты қылмайды¹ – деген Т.Ізтілеуовтің өлең жолдары қарақалпақ аймағындағы қазақтарды аралау, ел-жұртымен танысу арқылы шыққандығы сөзсіз.

Қарақалпақ жыраулары қазақ жырауларынан, ақындарынан, ал қазақ жыраулары, ақындары қарақалпақ сөз өнерінен алған үлгі өнегелері де көңіл аударарлық мәселе. Олай болса, қос халық домбыраның қос ішегіндей өнерде де бірін-бірі тең, тел толықтырған. Біріне-бірі ұстаздық жасаған. Ұлағатты ұлдары көркем сөз өнерін дамытуда қызғаныш сарынынан қашық болған.

¹Ізтілеуов Т. Таңдамалы шығармалар. – Алматы; Жазушы, 1972, - 246 б.

Шығармашылық сабақтастықты жалғаған. Мұндай сабақтастықты Сейдәлі Жұмабекұлының (1839-1928);

Әжінияз жырдың дүлдүлі,

Бердақ өмір бұлбұлы.

Тыңдап өстім жасымнан,

Халық үніндей әр күні¹ – деген өлең жолдарынан көреміз. Бұл тармақтар жыраулық орта ғана емес, ақындық өнердің кемел дамуымен көркемдік дәстүрдің өркендеуінде де қос халықтық, эстетикалық нәрдің бір-бірімен ұштасып жатқанын көруге болады, әрі тануға тұра келеді.

Сонымен, біз диплом жұмысымызда Қарақалпақстан аймағындағы қазақ ақын-жырауларының үлгісі ретінде Сейдәлі Жұмабекұлы шығармашылығындағы поэтикалық ерекшеліктер, өзіне тән өзгерістер, жергілікті ақын-жыраулардың ықпалы, әсері, ақынның сөз саптауы жайында ғылыми шолу жүргіземіз.

¹Жұмажанов Қ. Тортулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. –Алматы; Дәстүр, 2017, 158 б

III.2. ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҰЙҚАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қазақ ауыз әдебиеті шығармалары арасында өлең ең басты орынды иеленеді. Себебі, қазақ халқы өзінің пенделік тағдырында кездескен қайғылы күндері мен кезеңдерін, бақыты гүлдей құлпырған шақтарын, жан-сезім дүниесін поэзия арқылы жырлауға тырысқан.

Қ.Мақсетов «Өлеңнің алғашқы ұйқасу кезеңін екі тармақ құраған болуы керек, қалған қатарлардың қосылуы пікірдің дамуы болған»¹ – деген. Ой өрбіген жерде өлең тармақтарының көбейетіні аян.

Өлеңді айтушылар және дастандарды алғашқы шығарушылар поэзия текстерін дауыс толқыны, ырғағы, ұйқасы жағынан әнге (мелодияға) келтіріп айтқан. Егер де олай болмаған күнде, ақын-жыраулар өзінің сөз өнері туындыларын алғаш шығарып, соңынан оны әнге келтіріп беру мүмкіндігін іске асыра алмас еді. Екінші жағынан, импровизациялықпен төгіліп, татаусыз құйылып жатқан сөздер тыңдарман қауымға қауқарсыз жетер еді. Сондықтан, қазақ өлеңдері әнімен, саздылығымен құлақты кесіп, көкейді тесіп жүрегіміз төріне жетеді. Мұны ақындар да, жыраулар да терең ұққан. Көп тармақты өлеңдер музыкалығымен, сезімталдығымен, драмалығымен, азаматтығымен көптің көкейіне жеткен.

Ақындар, жыраулар жыршылық дәстүрімен туындыларын көп арасында насихаттаған. Атап айтқанда, қарақалпақ әдебиетінің ұлы тұлғалары Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш өлеңдерінен толық мәлімет келтіруге болады.

Сөз асылы жайлы Асан қайғы «Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз ғаріп», Қазтуған жырау «Сөйлесе қызыл тілдің шешені»², Үмбетей жырау «Ей, Абылай, Абылай, сөзімді тыңда тағы да-ай»³ – десе :

Түседі өлең десе қайғы шерім,

¹ Мұратбаев Қалмырза. Қарақалпақ поэзиясында қосық құрылысы. –Нөкіс; Қарақалпақстан, 1977. – Б. 293.

² Бес ғасыр жырлайды. –Алматы; Жазушы, 1989, I. Т. – Б. 28.

³ Сонда. – Б. 112.

Шығады айқайласам ащы терім.

Басылмас аузымды ашқан мен бір көрік ...

...Жел сөзді тәңірім берген неге аяйын¹ – деген тармақтардан сөздің асылдығы көрінеді. Ақын-жыршылардың төл туындысына қатынасын танытады. Бірі қыл кобызбен, бірі домбырамен, өлеңдерін белгілі бір мақамдық сазбен, әнмен халыққа айтқандығын байқатады. Мұндай ілгеріден қалыптасқан дәстүр қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақын-жыршыларының шығармашылығында дәстүрлі жалғасқан.

Қосым жырау: Ақынмын деп болар ма?

Көкіректен ашылған,

Ақылдың көзі болмаса²;

Таңжарбай Бәкірұлы:

... Сөйлеп қал өлмей тұрып қызыл тілім,

Алты күн ән салмасам аңсырайтын,

Құрысын қартайған соң көрген күнің³; Жұмағали ақын:

«Шаршы топта жыр жырлап, жүректерге жол алдым», «Бес қаланың елінде, Жұмағали жырау атандым»⁴; Ақпан жырау:

Әрбір, әрбір сөзім бар,

Зырқыраған сақпандай,

Сөйлеп кетсе Ақпаның,

Сарадан сөзді тапқандай⁵;

Тұрман: «Домбыраны сөйлеткен, қыналы тырнақ он саусақ»⁶; Ережеп:

Қызыл бір тілім қадалған,

¹ Сонда. – Б. 116.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 2.

³ Сонда. – Б. 12.

⁴ Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары. – Астана: Елорда, 2001, - Б. 19.

⁵ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 27.

⁶ Сонда. – Б. 29.

Шабарына келгенде,
Қашаған қуған жүйріктің,
Оңды теріс оралған.
Озарына келгенде,
Түрікмен соққан мылтықтың,
Толқыған шойын оғындай¹;

Жалғасбай: Айт десеңдер шындайын,
Ор қояндай зымырайын.
Ақ домбыра қолға алып,
Олай-бұлай қағайын.
Үзілсе ішек тағайын,
Жас басымнан сөз сөйлеп,
Жұқарып жүр таңдайым²;

Ж.Мамытұлы: «Ән салып бұл Жәкеннің айтқан жыры», «Сайраған бұлбұл
құстай үнім артық»³;

Ж.Төлепов: Алдымдағы ағалар,
Домбырамды толғайын.
Түйдектеп жырды айтайын,
Өлең терме, ән терме,
Алдарыңа салайын.
Көңілімде болмаса,
Сөзді қайдан табайын.
...Домбыраны қолға алып,
Сөйле, сөйле қызыл тіл⁴;

Е.Құлпыбайұлы: Мен халықтың базары,
Алқалы топта ойнаған.

¹ Сонда. – Б. 49-50.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 56.

³ Сонда. – Б. 88.

⁴ Сонда. – Б. 99-100, 101.

Көңілім желді, тіл жүйрік,
Тереңнен жауап ойлаған¹;
Жақып: Домбыра алып сөйлесем,
Айтқан да сөзім ыңғайлы²;
Құдайберген: Ал жырауың толғасын,
Домбырасын қолға алсын.
Кәрілер болса қуансын,
Құрбылар болса тыңдасын.
Көптен бері көрмеген,
Көрісіп сәлем бермеген,
Сағынған шығар жорғасын³;
Қайролла: Құтты болсын әлеумет,
Құралған мынау құрмаңыз.
Домбырасын қолға алып,
Жиынға келді жорғаңыз.
Алуан-алуан сөзім бар,
Құлақ салып тыңдаңыз,
Әр алуан сөзім бар.
Патшайы мен мақпалдай,
Пұлы қымбат заттардай,
Асыл сөзді көп айтып,
Талай жерге мақталды-ай.
«Осыдан жаттап алсақ» – деп,
«Үйреніп бұдан қалсақ» – деп,
Үйренбелер дағдарды-ай!⁴.

¹ Сонда. – Б. 112.

² Сонда. – Б. 242.

³ Сонда. – Б. 280.

⁴ Сонда. – Б. 314-315.

Халықтың басым көпшілігі тыңдарман қауым болғандықтан, ақын-жыршылар өнер туындыларын халық арасында жырлап, домбыра, қобызға қосылып айтқанын жоғарыдағы келтірген біраз мысалдар дәлелдейді. Сондықтан, ақындар жыршы атанған.

Қазақ поэзиясы ежелгі дәуірінен бері ұйқастық құрылымында олардың белгілі әнге, ырғаққа сүйеніліп шығарылатынын көруге болады. Демек, қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындарының поэтикалық шығармашылығын баяндағанымызда олардың буындық, бунақтық, тармақтық, шумақтық, түйдектік өлшемдерімен қабат әндік, саздылық ұйқасқа құрылатындығын көреміз.

А.Байтұрсыновтың халық «Әнді өлеңнің сөзіне де, әніне де көбірек құлақ салған»¹ – деген пікіріне біздің нысанымызда бар ақын шығармашылығы мысал бола алады.

«Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үсті не өлең ырғақтары қосылады»². Оған қоса «Қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады»³. Өйтпесе, «Ақындық ой-сезім маржандай тізілген сөздер арқылы беріліп, музыкалық дыбыстармен түрленіп, алуан түрмен, өрнекпен кестеленіп, сан қырлы үнмен құлпырып, қыруар көркемдік мәнерлеуші құралдармен жетіліп, бір арнада тоғысқан»⁴ күйінде көрінбейтіні аян.

Ақындар поэзиясының білікті зерттеушісі С.Негимовтың «Асылы, ақын-жырауларда әншілік қасиет, орындаушылық қабілет, композиторлық бейімділік, сан қырлы икемділіктер бар. Осындай қасиеттер өлеңнің мазмұны мен формасына жылуы мен жарығын тегіс таратып, мол төгеді. Өлеңнің музыкалық дыбыстарға, сұлу ұйқасымдарға, әуезді ырғаққа құрылуы – ақындық болмыстың ішіндегі әншілік, орындаушылық өнерімен сабақтас»⁵ –

¹ Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы; Жазушы, 1980. – Б. 187.

² Сонда. – Б. 189.

³ Сонда. – Б. 190.

⁴ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы; Ғылым, Ғылыми баспа орталығы. 2001, - Б. 248.

⁵ Сонда. – Б. 248.

дегені түгел құптарлық. Себебі, мұндай қасиеттер қарақалпақ аймағындағы ақын-жыршылар поэзиясында түгелімен сақталынған.

Академик З.Ахметов «Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын, яғни, ырғақ буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясынан басқа түркі тілдес»¹ халықтарына ортақтығын айтады. Ал «буын фонетикалық категория болғандықтан, оның қасиеттері тілдің фонетикалық құрылысына тәуелді болады»². «Тармақ ішіндегі буындар белгілі ретпенен, белгілі мөлшерде топтасып, әр тармақтың бірнеше қысқа бөлшектерге бөлінуіне мүмкіндік береді»³.

Мен, Жұмағали шайырмын,

Аты елге жайылған.

Жарысқа түссе жасқанбай,

Талай топты айырған.

Аспандағы аққуды,

Даусыменен қайырған⁴ – деп «Ақдәрия ауылында топқа түскенде» өлеңінде айтқан. Өлең 7-8 буындардан құралып, «ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы – бунақты»⁵ тармақтың ішкі бөлшегін жасайды. Ақын өлеңі екі бунақ арқылы құралып, әр тармақтың басын бүтіндеп тұрыпты. Бұл «қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады»⁶:

Жүйріктің хабар алдым ордасынан,

Ақынның сабақ алдым молдасынан.

Жігіттің жақсы-жаман екендігін,

¹ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы; Ана тілі, 1995. – Б. 205.

² Мұратбаев Қалмырза. Қарақалпақ поэзиясында қосық құрылысы. – Нөкіс; Қарақалпақстан, 1977. – Б. 39.

³ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы; Ана тілі, 1995. – Б. 205.

⁴ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 22.

⁵ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы; Ана тілі, 1995. – Б. 205.

⁶ Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы; Жазушы, 1989. – Б. 190.

Білерсің сұрап көрсең жолдасынан¹.

Қыстауға қайта көшерде,

Қыздарым шықты балқыған.

Жігіттер шықты шалқыған,

Тамаша көріп үлкендер,

Қараушы еді артынан² – деген қос шумақтағы

тармақтардың «буын санын бірдей» қып 8, 11 буындық өлшемдер арқылы «Жорғақ өлеңді» шығарған.

«Тармақтың осындай ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы бунақ. Бунақ пен бунақтың аражігін, шегін белгілейтін – сөз бен сөздің арасындағы жік сөз айырымы. Және де кез келген сөздердің арасындағы айырым – жік емес, тек тиісті орында үнемі қайталанып отыратын тұрақты сөз жігі»³. Мәселен, Жақсылық өлеңінде үш бунақтың кестесі 3+4+4 буынды құраса, Сейдәліде екі бунақтық 3+5 буын болғандықтан олардың сөзінің ара жігі үш-төрт буыннан соң орналасып тұрыпты. Мұндай тұрақтылық өлең тармағының бірдей буынға құрылуынан көрінеді.

Академик З.Қабдолов «Ырғақ өмірде де, өнерде де көп нәрсенің кілті; өлеңде сөз бен дыбыс үндестігінің арқауы. Өлеңнің әр сөзі-ырғақты сөз. Өлеңді оқу, тыңдау, түсіну, өлеңге тұшыну, толқу, тебірену – бәрі ырғаққа байланысты. Сөз өнерінің өзге түрінен өлеңнің басты өзгешелігі де ырғақта жатыр»⁴ – деп, ырғақтың поэзияда басты негіз ұстайтынын дәлелді тауып айтқан. Өйткені, поэзияның ырғақсыз ажары көрінбейді, арқауы өркендемейді. Ырғақсыз өмір құбылысы да танылмайды. Бүкіл әлем қозғалысы – ырғақ.

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 88.

² Сонда. – Б. 141.

³ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы; Ана тілі, 1995. – Б. 205.

⁴ Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Санат, 2002. – Б. 253.

«Ырғақты күшейтіп, толықтыра түсетіндер – шумақ, ұйқас»¹. Ұйқас екі сөздің бір-бірімен үйлесуінен, дыбыстардың ұқсастығынан туындайды.

Бір кісіге бір кісі алдырмайды,

Бір атқа бір ат шалдырмайды.

Саналы адам сағынды сындырмас,

Санасыз адам жағынды тындармас². Мұндай үндес, үйлес сөздер поэзиялық тармақтың соңғы сөздерінде болады. Өлең қатарларының соңғы сөздерінің үйлестігі, бір-біріне ырғақтың жуықтығы, буын сандарының теңдігі арқылы поэзиялық ой мен сөздің жымдаса бірігуі – ұйқас қабілетін танытады. Сөйтіп, ұйқас өлең тармақтарының басын біріктіреді. Тармақтарда салаласа байланысқан 3-4 тармақтарда сабақтаса байланысып, 1+2+4 қатарлар ұйқасып, ақынның айтпақ ойының бір бөлімін мазмұндап, айқындап, түсіндіріп, түсінік беріп, белгілі бір идеяны құлпыртып жетіп шумақ жасайды. «Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе»³.

Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары туыс өзбек, қарақалпақ, түрікмен ұлттарынан шыққан өнерпаздарының жыр-көздерінен қазақ өлеңерінің ажарын осал көрсетпеуге ниеттеніп, қазақ өлеңінің өрнектерін кемел ұстануға талант күшін ретті жұмсаған.

«Халық ақындарына өлең сөзді кеңірек толғап айтуға, созып айтуға, әуендетуге, дауыстың соншалықты еркін, ашық шығуына мүмкіндік беретін а, о, ы, у, ө, ү, и тәрізді дауысты дыбыстарды»⁴ нысанымыздағы ақындар шығармашылығында еркін қолданған. Аталған дыбыстар әуезділікті

¹ Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы; Мектеп, 1973. – Б. 126.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 358, 359.

³ Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Санат, 2002. – Б. 284.

⁴ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы; Ғылым, Ғылыми баспа орталығы. 2001. – Б. 248.

канаттандырады. «Әуездік байлықты тудырушы ұйқас»¹ ойды еселеп, төкпелеп жеткізуге мүмкіндік береді.

Байқасам біреу бақта, біреу тақта,
Көңілім талпынушы ед(і) әр тарапқа.

Осындай азаматтар келген шақта,
Қызыл тіл шамаң келсе ырғалақта².

Біз келдік той бастауға домбыра алып,
Кетуші ек, айғай салсақ топты жарып,

Айтайын азырақ сөз тойыңызға,

Тыңдасаң көп әлеумет құлақ салып³. Мысалдағы ұйқастар биіктен төмен түсіп келе жатқан адамды еріксіз жүгірткеніндей ақын ойы, сөзі жымдасып ырғақ әуенімін айтушыны да, тыңдаушыны да өлең ұйқастары өзіне тарта түседі. Ойды үстемелеп жеткізеді. Тармақтағы буындардың біркелкі еместігін де сездірмейді. Бұл бізіңше дауысты дыбыстардың әндік созылымдылығынан болса керек-ті.

Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары шығармаларын халық ортасында жырлап тарататын, айтатындығымен көзге түседі. Жырлап, әндетіп айтуға әуезді, дауысты дыбыстар мол келетін буынды сөздерді жыр, өлең сөздерінде мол қолданады. Ол өлең түріне де қатысты болады.

Ш.Уәлиханов «Өлең төрт шумақтан тұрады, алғашқы екі шумақ және төртінші шумақ силлабикалық жүйеде бір ұйқасқа бітеді, үшінші шумақ ұйқаспайды»⁴ – деп, қара өлең ұйқасын түсіндіреді. Ғалым түсіндіруінен өлең ұйқасының а, а, б, а түріндегі ұйқасты тануға болады.

ұлағатты ғалым Б.Кенжебаев «Қазақтың бұрынғы өлең құрылысы» атты еңбегінде «жер жүзіндегі халықтардың өлеңдері, өздерінің құрылысы

¹ Сонда. – Б. 249.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 289.

³ Сатеміров Д.А. Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі.; филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – Б. 332.

⁴ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. ғ басылымы. – Алматы; Жазушы, 1985. – Б. 165.

жағынан метрикалық, силлабикалық, силлаботаникалық, тоникалық болып төрт топқа бөлінеді. Қазақ өлеңі силлабикалық өлеңдер тобына жатады»¹ – дейді. Демек, силлабикалық өлең буынға, бунаққа, ұйқасқа құрылған өлшемді өлең екенін ғалымдар дәлелдейді. «... Қазақ өлеңдерінің негізгі, көп тараған түрлерінің бірі – қара өлең. Қара өлеңмен әр алуан тақырыпты, әр алуан мазмұнды шағын өлеңдер де, бірер шумақты айтыс, жұмбақ, мақал-мәтел, күлкі-сықақ өлеңдер де, ұзақ желілі үлкен дастан поэмалар да шығарылады»². Мұндай қара өлең ұйқасы қарақалпақ аймағында жасаған ақын-жыршылар шығармашылығында толық сақталған. Айтпақ ойын, көңіл күйін, алуан сезімді, жүрек сырларын, азаматтық әуенін, тәрбиеге арналған ұлағатты ойларын, туған елді аңсаған құпиясын, қалтарысы мол қаяу күндерін, қара өлең тармақтарына ораған. Тармақтардан шумақ шығатыны аян. «Әр шумақ – аяқталған синтаксистік ой, жинақталған синтетикалық шындық»³.

Төбе құдық басында түн қатайын,
Сұлу көктің шылбырын шұбатайын,
Есіме сен түскенде беу ағайын,
Өлең айтып көңілімді жұбатайын⁴.
Әнім бар құйқылжыған жырға лайық,
Жақсы сөз, жақсы жігіт көпке лайық.
Халықтың көп құралған алқасында,
Ән салып, жыр жырламақ бізге лайық⁵.
Білімді бірлік жолдан адаспайды,
Білімсіз білімдіге жанаспайды,
Білімді ізденіп білген адам,

¹ Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы; Қазақ ССР-ның Ғылым баспасы, 1973. – Б. 43.

² Сонда. – Б. 44.

³ Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; Санат, 2002. – Б. 254.

⁴ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 25.

⁵ Сонда. – Б. 88.

Себепсіз білмегенге қараспайды¹ қатарларындағы өлең ұйқастары өлең характеріне сәйкес а, а, б, а, қара өлең ұйқасына құрылып, олар 11 буынды өлең өрнегінде өрілген.

Қара өлеңдерді шығарған ақындар егіз ұйқасты қолдана отырып, 11 буындық өлеңдерді шығармашылығында дамытқан.

Халықтан қайнап шыққан ақын бұлбұл,
Дегендей жүзден жүйрік, мыңнан дүлдүл,
Шаттықта өнер менен өлең жеңген,

Кәрі, жас ән мен күйге елеңдеген². Мұндай тармақтар а, а, б, б түрінде дами береді. Бірақ, қара өлеңдерде түгелімен тақырыпқа орай толық сақталмайды. Мұндай егіз ұйқастық тармақтарды біздің ақын-жыршыларымыздың шығармашылығына кірігуі терме-толғаулардың айнымалы ұйқасы мен шығыс әдебиетінде қалыптасқан ғазал ұйқастарының ықпал әсері болуы керек. Бірақ, 11 буындық күйін тармақтар сақтап қалған.

Қайролла «Жырау, шайырлар» өлеңінде а, а, б, а немесе а, а, б, б ұйқастық түрді сақтай бермей-ақ а, б, а, б, в, б, в, б қолданып 11 буындық өлең шығарып, айтпақ ойын нақтылаған.

...Кетеді Тұрмағамбет, Балқы Базар,
Тыңдатқан тырп еткізбей қарамағын.
Ерімбет қарасақал, Кете Омар,
Сөзіне қойған тынып жұрт құлағын.
Қашаған, Ақтан менен Таз Қашқынбай,,
Тұлпардай тартқан танап жер жырағын.
Бала Ораз Жиенқұлмен өтті Мұрат,
Жел сөздің ешбір жаннан көрмей дағын.
Қарасай, Кенелдік пен Тәжік, Мұса,

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 161.

² Сатеміров Д.А. Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі.; филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2001. – Б. 59.

Деп айтады «Сырқылмаған селдей ағын».
Таңжарбай, Жақсылық пен Ізім шайыр,
Ажарлап айтқан екен дәлдеп шағын.
Қалнияз, Құдайберген, Сәттіғұлдың,
Артық дейді әркімнен дүрлік жағын.
Ұзақбай, Сүгір, Шамғон 8әм Теңізбай,
Жинаған терме, толғау сөз жарағын.
Айтқыштың бірі өзім солардан соң,
Талаймен теңестірген ат құлағын¹.

Қара өлең а, а, б, а түрінде тұрақты құрылмай, кейде егіз, ерікті ұйқасқа құрылатынын жоғарғы мысалдар дәлелдей алады. Ал, «жар-жар» сөзімен айтылатын редифтік ұйқастар ақын-жыршылар өлеңдерінен кездеспеді.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыршылары қазақтың қара шаңырағы Қазақстан жерінде жасаған ақындар, жыраулар поэзиясында дәстүрлі болып қалыптасқан қара өлеңдік ұйқастарды шығармашылығында түбегейлі қолдана, сақтай отырып, уақыт пен кеңістікке сай келетін төл туындыларын көркемдігі жағынан кемел күйде шығарған. Өлең тармақтарындағы буын, бунақтық өлшемдері қазақтың әндетіп айтуына ыңғайластырып қолданған. Сондықтан жоғарыдағы мысалдарда 3+4+4 буындық 3 бунақ пен 4+3+4 буын күйінде келетін, кейде 4+4+3 буыннан құралған бунақтарды шығармашылығында толық сақтаған.

Қазақтың қара өлеңі Қосым, Өтім, Таңжарбай, Жұмағали, Дәриябай, Ермахан, Жалғасбай, Жақсылық, Мамытұлы, Мұратбай, Биман, Сейдәлі, Жақып, Құдайберген, Қайролла шығармашылығында бар. Ал, 7-8 буынды өлеңдер объектідегі ақындарымыз шығармашылығында мол орынды иелейді. Ақынның ақындық қуатын танытатын, көкіректен төгілген ойды оралымды қып жеткізетін нақыштардың бірі-ұйқас және ассонанс пен аллитерация.

¹ Сатеміров Д.А. Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі.; филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2001. – Б. 322-323.

Өзбек // түрікмен // қарақалпақ бауырым, 12, а

5 4 3

Сенің ауылың // менің туыс // ауылым 12, а

5 4 3

Сіздер менен // бірге жасап // жаңардым 12 б.

4 4 3

Сіздер үшін // айттым жырдың // тәуірін 11, а.¹

Бунақтағы буындардың бірде көбейіп, бірде кемеюі әнділік пен саздықтың төмендеуінен көрініп, оның орнына силлабо-тоникалық екпінді ырғақ байқалады. Дегенмен, өлең тармағы соңындағы үш буынды ұйқас, толық мағыналы сөз күйін сақтаған.

Толық мағыналы бір сөз арқылы төрт буынды ұйқасты өлең ақындарымыз поэзиясында жарасымдылығымен көз тартады.

3 4 4

Ауылым // көшіп барад(ы) // ойдалыға, 11, а.

3 4 4

Алданың // кім көнбейді // салғанына, 11 а.

3 4 5

Албырап // тұла бойым // жүре алмаймын 12, б.

3 4 4

Айрылып // туған жерден // қалғаным ба? 11 а.²

Ассонанс бір тектес дауысты дыбыстардың қайталануы арқылы жасалады. Қайталанған дауысты дыбыстар өлеңді нақыштандырып, жылы шуағын нұрландырады.

Адамнан артық ажар ақыл айнам,

Ажары ақ бетіңнің асқан айдан,

Адасқан аққу құстай болдым асық,

¹ Сонда. – Б. 17.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 84.

Айдындай ақ төсіме асылшы айнама¹.

Алтын алма, алғыс ал².

Аллитерация – үндес дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы жасалады. Бірақ, аллитерация ой мен мазмұнды сатылап, үдетіп отырады. Тақырып көтерген мәнді идеяны толыққанды жүйеде салыстыра көрсетіп, басты идеяны танытуға тырысу үстінде дауыссыз дыбыс қайталана береді.

Болады адам қымбат ілімменен,
Болмақшы ілім асыл білімменен,
Білімді ілім айдап алып келді.
Балалар оқи берсең шыныңменен,
Білімді бірлік жолдан адаспайды,
Білімсіз білімдіге жанаспайды.
Білімді ізденіп білген адам,
Себепсіз білмегенге қараспайды.
Білместі бес-алты күн бағып көріп,
Бір күні қатарынан аластайды.
Балалар бірлікпенен оқу керек,
Білімсіз ендігіге жараспайды³.

Академик З.Ахметов «Түркі тілдес халықтардың поэзиясында ежелгі заманнан қолданылып келе жатқан өлең өлшемдерінің ең көнесі – жеті буынды өлең. Өйткені, ол – түркі тілдес рулар мен тайпалардың көне заманнан сақталған поэзиялық үлгілерін де кеңінен тараған өлшем» – дейді. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыршылары «Көне заманнан сақталған поэзиялық үлгілерді» дәстүрлі қабылдай отырып, кеңістік пен уақытқа сай шығармашылығын дамытқан. Олардың көбі сауаты бар кісілер болған. Қазақ поэзиясының арғы тегі мен бергі дамуын жіті бақылап білетін қабілетке де мүмкіндігі жеткен.

Шәкіртпін деп болар ма?

¹ Сонда. – Б.93.

² Сонда. – Б.6.

³ Сонда. – Б.161.

Ұстазы разы болмаса¹ ;
Киелі сөзді бастайын,
Қолыма алып Кәләмді²;
Күннен күнге ауырласып барады,
Хатқа түскен жырларымның салмағы³ ;
Хат жаздым ақ қағазға қалам ала⁴;
Өнерге бұл дәуренде ғылым артық,
Жылымды тоқып алған тілім артық.
Халықтың көп жиылған ортасында,
Сайраған бұлбұл құстай үнім артық⁵ .
Білімсіз деген ағаңыз,
Қайғы жеткен жермен тең.
Білімсізі інінің,
Миуесінен айырылған.
Тамырынан суырылған,
Қайғы өткен жермен тең⁶; «Домбыра қолға алайын, өлеңді
толғап жазайын»⁷; «Қалам мен қағаз қолға алып, сөйлейін сөзді толғанып»⁸;
Қәлем алып қолыма,
Жазып қағаз серледім,
Айтып сөзді тербедім⁹;
Алайын қалам қолыма,
Жігіттің жолы болады,
Ісі айналса оңына¹⁰;

¹ Сонда. – Б.2.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 4.

³ Сонда. – Б.18.

⁴ Сонда. – Б.31.

⁵ Сонда. – Б.88.

⁶ Сонда. – Б.106.

⁷ Сонда. – Б.108.

⁸ Сонда. – Б.122.

⁹ Сонда. – Б.140.

¹⁰ Сонда. – Б.203.

«Бісмiлла деп қолыма, алдым қағаз, қәлемдi»¹ деген тармақтар ақындарымыздың сауаттылығын растайды. Сонымен бiрге, төкпе ақындар шығармашылығын жыр дәстүрiмен жазып шығаратындығын да байқатады.

«Он бiр буынды өлең мен жыр өлшемiнiң де көне дәуiрде туғаны, бұлардың қазақпен туыстас көптеген елдердiң поэзиясында ежелден кең орын алғаны анық»². Сондықтан, ақындар шығармашылығында буындық, бунақтық өлшемдi берiк сақтайтын силлабикалық ұйқас қазақ поэзиясында қалыптасқан. Мұндай қалыпты дәстүрдi әр дәуiр ақыны уақыт пен кеңiстiкке сәйкес өз шығармашылығында дамытқан. Ежелден қалыптасқан жыр өлшемiн бұзбай, жанрлардың толығыуы, молығыуымен оны кемелдендiрiп отырған. Мұны қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары шығармашылығынан толық көреміз.

5	3	
		Жарқырап :шсай // Мойнағым, 8, а.
4	3	
		Жер жаннаты // қаймағым 7, а
4	3	
		Тулаған көк // теңiздiң 7, б
4	3	
		Толқынымен // ойнадым 7, а ³ .
5	3	
		Еңбектiң тәттi // көжесi 8, а
5	3	
		Жалқаудың iрi // денесi 8, б
4	3	
		Жаны тәттi // жалқаудың 7, б

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 299.

² Ахметов З. %лең сөздiң теориясы. –Алматы; Мектеп, 1973. – Б. 147.

³ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 19.

4 5
Кем болады // оның үлесі 9, а¹.

4 3
Алтын да тас // тас та тас 7, а

5 3
Алтындай болмас // басқа тас 8, а

5 3
Алтынға алтын // кез келсе 8, б

5 3
Алтынды алтын // тастамас 8, а².

Бунақ буындарының әркелкілігіне қарамастан, қара өлең ұйқасын қолданып, ақындық айтпақ ойын діттеп жеткізуге жыр өлеңі өлшемінің де мүмкіндігінің мол екенін жоғарыдағы үш топ өлеңдер толық таныта алады. Сонымен бірге ақын өзі өскен ортасын сипаттап баяндауы мен сатиралық өлеңді туғызуда, үгіт, насихаттық өлеңдер шығаруда қара өлең ұйқасы жыр өлшемі өлеңдеріне де ыңғайлы екенін танытады.

Ой – ақындық пікірдің жемісі. Ақын шығармасында айтпақ идеясын амалға асыру үшін, өлең тармақтарын көріктендіру үшін жырларына ұйқасты сөздерді іздейді. Ой ағысына орай оны тармақ соңына орналастырады. Содан ұйқас түрлері пайда болады. Сол ұйқас түрлерін озалдан қалыптасқан дәстүрлер негізінен үйреніп, тақырыпқа сәйкес, уақыт пен кеңістікті жыр тармағына түсіреді. Дәуірі тынысын өз тынысы қалыбында өлең тармақтары мен шумақтарының орамдарына орайды. Объекті ақындары осы қалыпта шығармашылығын дамытты.

4 3
Жақсы болса // ағаңыз 7 а

4 3

¹ Сонда. – Б. 149.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 281.

Көкірегің // басылмас 7 б

4 3

Жаман болса // ініңіз 7 а

4 3

Күнде дырду // арылмас 7 б¹.

Шалыс ұйқаспен 7 буын, екі бунақтық дидактикаға тән өлең тармақтары ақынның аға мен ініні салыстырып абзалдықты қолдап, қастерліксіздікті сынауы бар. Мұндай шалыс ұйқаспен ұл мен қызды, аға мен ініні түйдектік өлеңмен салыстырып көп түйінді ойларды да айтуға болады.

5 3

Ақылсыз туған // ағадан 8, а

5 3

Көрінбей жүрген // жат артық 8 б

5 3

Білімсіз туған // ініден 8 а

5 3

Қатар құрбы // тең артық 8 б

5 3

Ақылсыз туған // ұлыңнан 8 а

5 3

Аралап жүрген // ер артық 8 б

5 3

Баянсыз туған // қызыңнан 8 а

5 3

Көріне қашқан // жын артық 8 б².

4 3

Суы ащы // теңізден 7 а

¹ Сонда. – Б. 79.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 105, 106..

5 3

Шалшық та болса // көл артық 8 б

5 3

Өтпейтін топас // қылыштан 8 а

5 3

Қолдағы қайшы // көп артық 8 б

4 3

Ас болмайтын // арықтан 7 а

5 3

Достың берген // наны артық 8 б

5 3

Жауласып қанша // тұрсаң да 8 б

5 3

Атасы басқа // халықтан 8 а

5 3

Ағайын тума // сол артық 8 б¹.

Соңғы екі өлең шалыс, аралас ұйқасқа құрылған. Екеуінде де өлең тармақтары 8 буынға негізделген. Арасында 7, 7 буындық тармақтары бар. Әйтсе де, өлеңнен буын аздығы көрінбейді. Себебі, ақындар поэзиясына жыраулық дидактикалық поэзияның қаны Қазтуғаннан және одан соңғы жыраулар шығармасынан дарыған. Жыраулар поэзиясынан екпінді, логикалық ой тұтастығы жымдасып, кейбір буын кемісін байқатпай жібереді. Жыраулар поэзиясындағы екпінді, көтеріңкі сөзді тармақтар түйдектік, аралас, кезекті ұйқастарда буын сандары көп те, аз да күйінде келе береді. Бірақ өлеңді жырлағанда, айтқанда олқы боп көрінбейді.

4 3

Дәрия құрып // құр қалды 7, а

4 3

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 115.

Ерлер кетіп // ел қалды 7, а

5 3

Өтірік озды // шын қалды 8, а

5 3

Патша әмірі // тарылып 8, б

5 3

Дүние жанды // от болып 8, б

4 3

Шарпылмаған // кім қалды 7 а¹.

«Қалды» сөзін қайталау арқылы тармақтың соңғы сөзі ұйқасқан. Ал «құрып», «кетіп», «озды», «әмірі», «жанды» ішкі ұйқасты түрлендіріп тұр. «Кұр», «ел», «шын», «кім» сөздері арқылы «қалды» мазмұны әр текте қолданылған. Өлеңді еселендіріп тұрған ұйытқы мағына, логикалық ой тұтастығы қаусырма ұйқас арқылы өрнектеген.

4 3

Қайраты бар // кісінің 7, а

5 3

Берекеті бар // ісінің 8, а

4 3

Айласы бар // кісінің 7,а

4 3

Қалар кеулі // досының 7, а

5 3

Досыңа айла // істесең 8, а

5 3

Болама мақұл // осының 8, а¹ – деген тармақтар бір текті ұйқас өңіріне жайласқан. Сөйте тұра ішкі ұйқастық пен логикалық тұтастық

¹ Сонда. – Б. 147.

берік сақталған. Себебі, ұйқас өлең тармақтарын тұтастырады, бір тармақтан екінші, үшінші тармақтағы ой мен сөз, мазмұн басым болуға тиісті. Сонда ұйқас өлеңдегі ритмнің өнерге келуіне қызмет жасайды. Екіншіден, өлеңдегі ең негізгі ой мен пікірді алып жүретін сөзді анықтап тұрады. Үшіншіден, өлеңнің строфалық композициясын ұйымдастырушылық рөлін атқарады.

Өз елінде кем болсаң 7, а
Ағайын сөйлер жөніңді. 8, б
Кісі елінде би болсаң 8, а
Соң білерсің кемінді. 7, б
Өз елінде құл болсаң 7, а
Жөндерсің бір күн жөніңді 8, б
Есің бар да елің тап 7, в
Көтерерсің көңіліңді 8, б².

Өлеңді желдіріп оқып, я ән мақамымен әндетіп орындап, желпініп, шаттанып, тыңдап, тұшынып отырғаныңда «елің тап» сөзіне айтушы да, тыңдаушы да таңданыс күйге түседі. «Елің тап» өзге сөздерден басқаланып есітіледі, ой мен пікірді басқадан ажыратып алып журуші сөз дегеніміз осы болмақ. Мұндай сөз басқа сөздер мен ойды төңірегіне шоғырлап алады да, оларға өзінің сәулесін күн сияқты төгеді. Мұндай жарығы мол сөздер, редифтік ұйқастар да бірнеше рет қайталанып формулалық сөз деңгейіне жетеді. Атап айтқанда, Қарасайда «озар»; Ережепте «болар», «ортақ», «керек»; Жалғасбайда «пайда», «жоқ», «қайыр»; Мамытұлы Жақсылықта «болды»; Төлепов Жақсылықта «белгісі», «артық», «мақтанба»; Ерқожада «алмас», «артық»; Матниязда «Мақтанса», «болар»; Сейдәліде «Күн», «белгісі», «артық»; Тілеумағамбетте «бар»; Құдайбергенде «еткен», «өткен»³ күйінде кездеседі.

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 148.

² Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. –Нөкіс, 2006. – Б. 156.

³ Сонда. – Б. 276-277.

Жақсы адам жат болмас, 7, а

Екі жақсы дос болса, 7, б

Душпандарға мат болмас, 7, а

Шаруаң дұрыс болмаса, 7, б

Көңілің шіркін шат болмас 8, а

Көңіліне жаманның 7, в

Айтқан сөзім хат болмас, 7, а

Жалғасып сірә жұт болмас, 8, а

Жақсыға сөзім ұмыт болмас, 9, а

Нашарға жәбір берсеңіз 8, г

Өздеріңе құт болмас 7, а¹ күйінде дидактикалық ойын

ақын жалғастыра береді. Шарттылық та, оған жауап, өнегелі насихат та бар.

Мұндай өлең тармақтары тыңдаушысы мен оқушысын өнегелілікке түшіндіріп отырады. Қайролла «Ата қоныс» жыр өлеңінде:

Келешегін болжаған,

Асан қайғы, Қазтуған,

Қарияның бірі екен.

Әму мен Сырдың арасы,

Өзбек, қалпақ, тәжіктің,

Отырықшы жері екен.

Азияға тең ортақ,

Арал деген теңізің,

Шалқып жатқан көл екен.

Жаңбырлы болса, жер көктер,

Баталы болса, ел көктер,

Табиғаттың нұры екен.

Ортасында құрбының,

Әзілдесіп күліскен,

¹ Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияға ақын-жыршылар шығармашылығынан қосымша мәтін. – Нөкіс, 2006. – Б. 294.

Шапқыласып жүріскен.
Бақыты өрлеген жігіттің,
Шалқыған дәуірі күні екен¹.

«Екен» ұйқасы алдындағы сөздер жиынтығы ойы «екен» сөзімен түйінделіп отырады. Мұндай қаусырма ұйкастар жинақтық пікірді танытады. Кейінгі «екенге», алдыңғы «екен» пікірін өткізбейді. Сөйтіп, жеке ойлы шумақ жасау ұқыбына формулалық сөздер ие болады. Сонымен бірге алдыңғы қатарлардағы ойды жинақтаушы да болады.

Қарақалпақ аймағы қазақтары, ақын-жыршылары жоғарыда аталған өлең шумақтарымен қатар түйдекті де қолданған. «Түйдек көбінше шумақтан әлдеқайда көлемдірек, ұзағырақ болып келеді. Бірақ, бұл орынсыз көшкұлаштық, шұбалаңқылық әйтеуір созбалай беру емес. Түйдектеліп келетін жырды, ешбір тиянағы жоқ, сырғанай беретін өлең түрі деуге болмайды»².

Жоғарыдағы «мен едім» бүкіл тармаққа негізгі ұйқас болып, бас ұйқасты сөздерді төңірегіне топтаған. Демек, түйдекті ойлар белгілі арнада тоғысып, жеке көңіл-күйді айқындауға әр қырынан толғайды.

Жоғарыдағы пікірлерді қорытындылап, келгенімізде қарақалпақ аймағында өмір сүріп, шығармашылығын дамытқан ақын-жыраулар көркем сөз өнерін, шығармашылығын жанрларды дамытуы үстінде нығайта түсті. Көркемдік тіл орамдарына қазақтардың абзалдығын орады. Өлеңдерінің оралымдылығына мән берді. ұйқастың әсем түрлерін өлеңдерінде қолданды. Дәстүрлі өлең түрлерінің, көркемдеу әдістерінің мүмкіншілігін танытты, байытты, оларға жаңа түс беруге тырысты. Іздену, үйрену қорытындысында ақындық атын шығарды, ақын боп танылды. Жоғарыда талданған шығармалар мұның айғақ куәсі бола алады.

¹ Сонда. – Б. 232-324.

² Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы; Мектеп, 1973. – Б. 154.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарақалпақ аймағындағы ақындар поэзиясын, олардың шығармашылық көркемдігін дәстүрлі даму негізінде талдауға болады. Ақындар поэзиясы тілін мезгіл мен орталық арқылы қарастыру поэтика шындығына келеді. Себебі, поэтика жанрлық сипатты, дәстүр мен жаңашылдық санатын, көркем образды, мазмұн мен түрді, тақырып пен идеяны, сюжет пен композицияны және бейнелеу құралдарын да қамтиды.

«Адам көрген білген нәрсенің, я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады»-дейді А. Байтұрсынов. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» толғана түсіп, өнер туындысын тағдырына орайластырып шығарады. Көңіл арнасы объективтік ортадан тарамданып шыққан сайын, автордың жан дүниесі құбыла түседі. Айтпақ тақырыбына орай сөз тандап бастайды. Ол сөздер ойға тәуелді болады. Сөз сараптау, ойды толғау, ақындық өнердің бастапқы қалыбы. Тақырып арқылы кезең шындығы баяндалып, авторлық айтпақ ойы түйінделеді. Сөйтіп сөз тірі жан боп авторды танытады. Қысқасы, сөз ақын мұратының сыртқа шыққан құрылыс материалы болып табылады.

Сондықтан, қарақалпақ аймағы қазақ ақындарының поэзиясы тілінде қолданылатын көркемдік сөздерге тоқтауды жөн деп білеміз. Өйткені, қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтары аралас отырғандықтан ақындар тілінде аралас сөздер кездесіп отырады. Солардың бірі – архаизм сөздерінен көрінеді. Ол қазіргі сөйлеу тілімізде сирек, тіпті қолданылмайтын, бірақ ақын өзі жасаған дәуіріне және көтерген тақырыбына жарамды, өмір-тұрмысына сәйкес келетін сөздер болып табылады.

... Жарасар ерге кійген сонда телпек ...

... Бүркенбей қызда болмас жасыл желек ...

... Қайқайып сауған бие қара көнек ...

... Көргенде тәжірибе еткен үкімалар ...

... Ортасы ошал судың төрт қысымға ... (Өтім ақын]; Бешпентің жасыл мақпал дөңгеленген, Құдай-ау, айдар малға мәттәл қылдың (Таңжарбай ақын); Ақ көйлек ала бешпент қынамалы (Дәриябай ақын); Біз жасаған жерлерде, түрлі пітне тараған, Шашбауын алтын зермен ызып отыр, үстінде сары зерден оқасы бар (Сейдәлі ақын) деп айтылған, асты сызылған сөздер ақындардың жасаған кезінде актив қолданылғанымен қазіргі кезде ақындық өнерінде қолданудан қалып архаизмге өтіп отырыпты. Солардың ішінде «телпек», «жасыл желек», «бешпент», «шашбау», «оқа» атты киім атамалары мағынасы әбден архаизм дәрежесіне жетпеген сөздер деп атауға да болады. Ал, «үкімалар» (даналар), «ошал» (мұхит), «пітне» (жамандық) сөздері толық архаизм деңгейіне жеткен. Бұл архаизмдік сөздер кеңістік пен уақытты танытуымен бағалы.

Қ.Жұмалиев: «Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады»-деген. Демек, поэзия сөзінде ұлы ғалым атаған эпитет пен теңеулер мол кездеседі. Себебі бұл екі поэтик тіл ақын ойының көрінісін айқындауға, ойын жеткізіп баяндауға басты таяныш құрал болып табылады.

Эпитеттер – ақынның сындық бағамдарын айқындауда сәтті құрал болып табылады. Сонымен бірге түрдегі құбылысты, мінездегі құбылуларды қимылдық қозғалысымен көрсетуде де ұтымды. Мұнан қарақалпақ аймағындағы ақын-жыраулар өнімді пайдаланып отырған.

«Ақ домбыра қолға алып, олай-былай қағайын», «әлеумет келдің жиылып, ақ орданы құруға», «әйелдің көркі болмайды-ау, ақ бесігін тербетпей» (Жалғасбай ақын); «Сөйлеп қал өлмей тұрып қызыл тілім»(Таңжарбай ақын),«Албырап тұла бойым жүре алмаймын, айрылып туған жерден қалғаным ба» (Дәриябай ақын); «Келдің бе, балам, келдің бе, жарқырап жарқын жүрегің»(Жұмағали ақын).

Есебін тауып қызыл тіл,

Сөйлейсің сөзді сыңқылдап,

Жабықса көңілім ән салып,
Көтеремін құр-құрлап (Ерғожа ақын).

«Ақ мамық үлпілдеген бота көзім» (Биман ақын).

Ақындар сөзінен өнер адамының қимылын, әрекетін, сөз өнеріне ықыласын, ана келбетінің бесігімен ардақтылығын, тіл өнерін, туған жерден жыраққа басын қорғап ығысқан тағдырын, сұрапыл соғыс іздерін, көңіл күйлерін баяндаған ой-дүниесін, эстетикалық талғамын, ой тануын танимыз, эпитет арқылы өмірді өнер көзімен біледі.

Қарақалпақ аймағы қазақтарының ақындары поэзиясында теңеулер де молынан кездеседі. Себебі, теңеулер поэтик тілдің бай түрі. Теңеулер тақырыпқа орай қолданылады. Одан тысқа теңеулер кете алмайды. Оның үстіне, автор-ақын ойын жеткізуде, көңіл күйін танытуда, дәуір шындығын ұқтыруда, ақын келбетін танытуда, ақын, халық, ел тағдырын баяндауда теңеулер өлең-жыр тармақтарына тартылады. Ақын айтпақ ойын халыққа танымал ой мен сөздерді айшықтауда таза ұғымдармен салыстырып, баламалап, идеяны жеткізуде теңеу жасалады.

...Түрікпен соққан мылтықтың,

Толқыған шойын оғындай ... (Ережеп ақын).

...әзірінше мен жүрмін,

Көшіп қонған керуендей ... (Жалғасбай ақын).

...Кей жаманға сөз айтсаң,

Зарлайды жұртқа қатындай ...

Кей жақсыға сөз айтсаң,

Кетеді гауһар асылдай ... (Ерғожа ақын).

...Егіндері ырғалып,

Бұқардың гауһар дүріндей (Сейдәлі ақын) ж.т.б.

тармақтарда кездесетін теңеулерден авторлық ойдан шеттейтін теңеу болмайтындығын көреміз.

Қ.Жұмалиев: «Жалпы алғанда, метафора – сыртқы, не ішкі бір ұқсастығына карап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік

белгісін қою»-дейді. Осындай метафоралардан пайдалану қарақалпақтағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясында мол.

...Мен қашанғы бұлбұлың,
Топ ішінде сайраған,
Мен бақшада қызыл гүл,
Халық ішінде сайраған,
...Сен менен шыққан жапырақ
...Сөйлесе сөзі кем емес,
Лағылы гауһар тасынан ...
...Мен бір алмас бұл күнде,
Қынапта тұрып жасаған,
Кескір алмас кетіліп,

Жез бенен мыс – қоладан ... (Сейдәлі ақын) ж.т.б. ұласып жататынын С.Негимов: «Поэзиялық образ, ақындық тіл, музыкалық бір-бірімен орайлы жарасым, синтетикалық тұтастық тауып, сыр мен сымбаты үйлесіп» келетін өлең тармақтарын шығарып, өскен ортасының адамдары тағдырымен өз тағдырын баяндау қарақалпақ аймағы қазақ ақындары шығармашылығында өзекті тақырыптардың бірі екендігі дәлелденген.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары мен жыраулары өнер туындыларын шығару мен оны халыққа жырлап таныстыруында композициялық құрылым мен сюжеттік желіні берік сақтаған. З.Қабдолов: «өнер туындысында бүтіндік болуы шарт»-дейді. Осы жайды ескерген ақындар тақырыбына орай, тыңдаушыларының көңіл күйіне сәйкес экспозициялық баяндауды мол қолданып отырған. «Бастаймын бісмілла деп әуел бастан» (Қосым ақын), «Достық деген даңғал жол, тап бола бермес әркімге» (Қарасай ақын)), «Ұлым, қызым домбырамды әперің, жастығымды жоғарырақ көтерің, шалқып жүріп байқамай мыз бәріміз, бұл дүниенің капелімде өтерін» (Жұмағали ақын)), «Хат жаздым ақ қағазға қалам ала, жатқа сал жақсы сөзді ақ тағала» (Ермахан ақын)), «Және де сөз айтайын, азаматтар тыңдасын, әр түрлі сөз шығады, табылады шындасам» (Сейдәлі

ақын) ж.т.б. тармақтарда хабарлама экспозиция ақындар шығармашылығы да мол. Ал, айтыстар мен эпикалық шығармаларда мұнан басқашарак. Айтыста айтыстың келіп шығу себептері экспозициялық мәлімдеуге ие болады. Тілеумағамбеттің эпикалық туындыларында оқиғаның туындауы, келіп шығу себебі («Асау-Барақ») мәліметі берілсе, оның өзге эпикалық шығармаларында кіріспе сөзде, авторлық баяндауда («Асқар батыр») экспозициялық күйде көрінеді. Одан соң автордың жан дүниесінде бұлқып жатқан сезімдік тартыстар, қаһармандық қалыптасу жолдар тартыс, даму, шарықтау мен шешімдер рет-ретімен өрбіп, шығарманы шымырландырады. З.Қабдолов «Шығармадағы барлық бөлшекті бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана нәрсеге – негізгі идеяға бағындырудан» келіп шығатынын айтады. Соның салдарынан шығарманың көркемдігі танылады.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары да, жыраулары да көркем сөз өнерін, шығармашылығын жанрларды дамыту үстінде нығайта түсті. Көркемдік тіл орамдарына олардың абзалдығын орады. Өлеңдерінің оралымдылығына мән берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЯТЛАР

I. Норматив-хуқықый хужжетлер хэм методологиялық әхмийтке ийе басылымлар

1.1. Указ Президента Республики Узбекистан. О стратегии действия по дальнейшему развитию Республики Узбекистан. –Ташкент, 2017. -№6. – 70 с.

1.2. Мирзиёв Ш.М. Еркин хэм абадан, демократиялық Өзбекстан мәмлекетин мәрт хэм уллы халқымыз бенен бирге курамыз// Еркин Қарақалпақстан. – Нөкис, 2016. 17-декабрь. –№152 (19926)

1.3. Мирзиёв Ш.М. Әдебият, көркем өнер, мәдениетты раўажландырыў-халқымыздың руўхый дүньясын раўажландырыўдың беккем тийкары// Еркин Қарақалпақстан. – Нөкис, 2017. 5-январь, –№98 (20028).

2. Монография, илимий мақала, патент хэм топламлар

2.1. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1965. – Т. II. – 665 б.

2.2. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1979. – 184 б.

2.3. Алламбергенов К. Қарақалпақ әдебиятында айтыс. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1989. – 140 б.

2.4. Алламбергенов К. Қарақалпақ халық дәстаны «Едиге» (генезиси, жанрлық белгилери, миллий версиялар типологиясы). – Нөкис: Билим, 1995. – 228 б.

2.5. Аманжолұлы Т. Асау-Барақ. – Хожели, 1993. – Б. 120.

2.6. Аралбаев Қ. Бесқала өрнектері. – Алматы: Арыс, 2016. – Б. 216.

2.7. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

2.8. Әжинияз. Таңдамалы шығармалары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1988. – 150 б.

2.9. Әуезов М. Айтыс өлеңдері. Айтыс. Алматы: Жазушы, 1965. – Т. II. – 238 б.

2.10. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. (Құрастырған, редакциялық алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев). – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 428 б.

2.11. Байниязов Қ. Үш шайырдың айтысы// Қарақалпақстан хауазы. – Нөкис, 1997. - № 10 (72), 29-май. – Б. 162.

2.12. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

2.13. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.

2.14. Бердақ. Таңдамалы шығармаларының жыйнағы. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1977. – 276 б.

2.15. Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 64 б.

2.16. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. – 248 б.

2.17. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 464 б.

2.18. Бижанова А.Е. Семейно-бытовые обряды казахов низовья Амударьи (вторая половина XIX – середина XX вв.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Нукус, 2001. – 30 с.

2.19. Бозуғлан. – Нөкис: Қарақалпақ мәмлекет баспасы, 1969. – 216.

2.20. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 320 б.

2.21. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 297 б.

2.22. Жармухамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.

2.23. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.

2.24. Жумажанов Қ, Төрткулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақындар мұрасы бойынша әдеби-фольклорлық материалдар. НМПИ. Қазақ

филологиясы кафедрасы. «Дала жазулары», 2000-жыл фонд. № 1-2-3, Реестр: № 1-10-папкалар.

2.25. Жұмажанов Қ. Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық хәм даралық дәстүр. – Нөкис: Билим, 1993. – 120 б.

2.26. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2006. – 356 б.

2.27. Жұмажанов Қ., Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017. – 284 б.

2.28. Жұмалиев ҚЖ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – Т. II. – 364 б.

2.29. Каримов А., Мәмбетназаров Қ., Ниетуллаев Т. «Бозуғлан», «Гулистан», «Қыз Палуан», «Қараман» дәстанлары хаққында». Кітапта: Қарақалпақ фольклоры. XX томлық. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1988. – Т. XIX. – 360 б.

2.30. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Қазақ ССР-ның ғылым баспасы, 1973. – 170 б.

2.31. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

2.32. Қазақ әдебиетінің тарихы. Екінші кітап. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1964. – Т. I. – 696 б.

2.33. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-кітап. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы, 1960. – Т. I. – 740 б.

2.34. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 313 б.

2.35. Қайролла Иманғалиев ақын-жыршы// Мәдениет және тұрмыс. – Алматы, 1979. – № 12.

2.36. Қазыбайұлы С. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті (жыраулар поэзиясы). – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 296 б.

2.37. Қасенов С.Т. Шешендік сөздердің поэтикасы: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2000. – 30 б.

- 2.38. Қасқабасов С.А. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.
- 2.39. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
- 2.40. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 364 б.
- 2.41. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 40 б.
- 2.42. Лувсанданзан. Алтын шежіре. – Алматы: Өнер, 1998. – 224 б.
- 2.43. Мақсетов Қ. Дәстанлар, жыраулар, бақсылар. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1992. – 348 б.
- 2.44. Мақсетов Қ. Қарақалпақ әдебиатының туысқан халықтар әдебиеттері менен байланысы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1987. – 210 б.
- 2.45. Мақсетов Қ. Қарақалпақ жырау-бақсылары. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1983. – 208 б.
- 2.46. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы: Ғылым, Ғылыми баспа орталығы. 2001. – 280 б.
- 2.47. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – Б. 904.
- 2.48. Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.
- 2.49. Сыдықов Т. Қазақтың осы заманғы эпикалық дәстүрін дамытудағы ақындардың ролі// Қазақстан мектебі. – Алматы, 1976. - № 9.
- 2.50. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы). – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
- 2.51. Тойшыбаева С. Қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің байланысы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 90 б.
- 2.52. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударья. – Ташкент: Фан, 1966. – 336 с.
- 2.53. Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 304 б.

2.54. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы, 1957. – 340 б.

3. Басқа басылымлар

3.1. Қашғарий Махмуд. Туркий сузлар девони (Девон лугат ит турк). –Тошкент: Фан, 1960. I. Т. –Б. 499. 1961. II. Т. – Б. 427. 1963. III. Т. – Б. 461. (Торжимон ва нашрга тойерлавчи С.Муталлибов).

3.2. Қошғарий Махмуд. Дивону луғат ит турк. Индекс-луғат. Ғ.Абдурақмонов ва С.Муталлибовлар иштироки ва такририда. – Тошкент: Фан, 1967. – 349 б.

IV. Интернет ресурстары:

1. www.ziyonet.uz
2. www.tdpu.uz
3. www.pedagog.uz
4. www.nutq.intal.uz
5. www.ndpi.uz